Нұрымбетов Е.Ш.

Сыр сүлейі Әлшекей

Кітап мұқабасының алғашқы бетіндегі Әлшекей Бектібайұлының суреті
Акселеу Сейдімбектің **"Қазақтың күй өнері"** жинағынан алынды. (Астана, 2002.) 549 бет.

Дариғаның толқыны көңілінің толқынына ұласып, ел мен жерге деген қимас сағынышы қайғы мен қасіретке айналған Әлшекей бабамыздың Толқын күйі бүкіл шығармашылығының биігі һәм тереңі деп бағаланады. Сырдария мен Вахыш өзендерінің арасында толқындай соғысқан тауқыметті кезеңде дүниеге келген бұл күйі Әлшекейдің ақсу арманы еді. Өмірінің үзілер сәтінде де осы күйді тыңдап жатып үзілген екен, жарықтық...

замерло

Нұрымбетов Е.Ш.

Сыр сүлейі - Әлшекей

(Сыр сүлейі атанған әйгілі күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлының (1847-1932) шығармашылығы туралы)

96 (0)

Алматы
«Исламнұр» баспасы
2005

ББК 85.92
Н 87

Күйлерді жинап, нотаға түсіріп, редакциялаған **Еркін Нұрымбетов.**

Пікір жазғандар:

Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік Академиялық халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және Бас дирижеры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор **А.Т.Жайымов**

Қазақстан Республикасының халық артисі, Құрманғазы атындағы I республикалық домбырашылар конкурсының лауреаты, дәстүрлі күйші **Т.Қ.Шамелов**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, өнертану ғылымдарының докторы **Ш.Г.Гуляев**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі **Б.К.Көрібозұлы**

Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы **А.С.Қылышпаев**

Н 87 **Нұрымбетов Е.Ш.**
Сыр сүлейі - Әлшекей (Сыр сүлейі атанған әйгілі күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлының (1847-1932) шығармашылығы туралы). Алматы: «Исламнұр» баспасы. 2005. – 184 бет.

ISBN 9965-9628-8-X

Бұл жинакта өнер зерттеушісі Е. Нұрымбетовтың көп жылдар бойғы еңбегі нәтижесінде күйшінің отызға жуық күйлері нотаға түсіріліп, алғаш жарияланған. Сондай-ак еңбектегі Әлшекейдің өнерін жалғастырушылар, олардың төл күйлері және күйші мұрасын зерттеушілер жайында тың деректер зерттеудің күнын арттыра түсері сөзсіз.

Жинақ оқу құралы ретінде музыка мамандарына және өнерсүйер көпшілік қауымға арналған.

ББК 85.92

Н $\frac{4905000000}{00\ (05)-05}$

ISBN 9965-9628-8-X

© Нұрымбетов Е.Ш.
© «Исламнұр», 2005 ж.

Әуелі Құдай, Ата-Анам және өнерге баулып, тәлім-тәрбие берген барлық ұстаздарыма бас иіп, осы еңбегімді арнаймын.

БАБА РУХЫ ҚОЛДАСЫН!

Әлшекей Бектібайұлының, жалпы Сыр өнірі күйшілерінің шығармашылығын зерттеуді 1994 жылдан бастап қолға алып келеміз. Құрманғазы консерваториясын бітірерде "Қызылорда облысының күйшілік дәстүрі" тақырыбында дипломдық жұмыс қорғалды. Ғылыми жетекшім - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент Омарова Гүлзада Нүрпейіскызы.

Дипломдық жұмысты жазу барысында Әлшекейдің жиен-шәкірті, дәстүрлі күйші Әбдікадыр Әбдіхалықовпен тығыз шығармашылық байланыста болдық. Ә.Әбдіхалықовтың ауылына (Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, "Өзгент" кеншары) үзбей экспедицияға барып тұрдық. Әр сапардың берері мол болып, нәтижесінде Әлшекейдің айтулы деген "Шерлі", "Толқын", "Терісқақпай", "Тоқтаған" күйлерін Әбдікадырдың өз қолынан үйрендім. Ол "таудай талабыма бармақтай бақ берсін" деп ақ батасын беріп, қазақы дәстүрмен мені өзіне "өкіл бала" қылды. Өкінішке орай, 1996 жылы Ә.Әбдіхалықов аз ғұмырлық дәм-тұзы таусылып, фәни дүниеден өтті. Әбдікадыр маған Әлшекей бабамыздың күйлерін үйретіп, батасын беріп, көкейімде үлкен бір арман оятты. Мен де өнер жолында сол кісінің үміт жүгін арқалап, алдыма межелі мақсат қойдым.

Қазақстан Республикалық телевидение және радиосынан, Қызылорда облыстық радио қорынан, консерваторияның фонотекасы мен фольклор кабинетінен, сонымен қатар, Тынысбек Дүйсебеков сынды Әлшекей күйлерін орындаушылардың тікелей өздерінен жазылып алынған музыкалық материалдарды, күйші жөнінде баспасөз беттерінде әр кезеңдерде жарияланған барлық әдеби деректерді жинастырдық.

Әлшекей шығармаларын зерттеушілердің қатарында Әзіретәлі Маханұлы Тұрсыновты ерекше атай аламыз. Әзіретәлі - Әлшекейдің кіндік қаны тамған Жанақорған жерінің түлегі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. "Қоңырат Құрбан атаның тағылымы" атты кітабында осы рудың шежіресі сөз болып, зиялы кісілері жайында бірқатар деректер берілген.

Әзіретәлі Маханұлына арнайы жолығып, өнер жолындағы ізденістерім жайлы ой бөлістім. Бұл кісі бағытымды қуана құптап, өтінішіме құлақ асты, үш адамға ғана берілген құнды қолжазбасының төртіншісін үлкен үмітпен маған ұсынды. Қолжазбаға ие болған үш кісінің бірі – Тәракты Ақселеу. Осындай ақиық азаматтардың сенімінен шығу өнерді шынайы сүйген көнілімде әлдебір бұлқыныс тудырды. Осы бағыттағы жұмысымыз әлдебір үзілістен кейін қайта жанданып, 2003 жылы Әлшекейдің немересі Жидебай Дәнебековпен кездесуімізге ұласты.

Бабамыздың шығармашылығын насихаттауда Әлшекейдің "Терісқақпай" күйі әуелі Құрманғазы оркестріне арнайы өңдеп түсіріліп ойналып, ұжым репертуарынан берік орын алды. 2005 жылы көктемде әлемге әйгілі скрипкашы Марат Бисенғалиевтің басқаруымен Лондонда жарық көрген компакт-дискіде Батыс Қазақстан облыстық филармониясының "Орал сазы" фольклорлық-этнографиялық ансамблі осы күйді орындады.

"Қайран елім, қайран халқым" деп өз туған жерінен топырақ бұйырмай, сүйегі шетелде жаткан қазақтың біртуар күйші-композиторы Әлшекей Бектібайұлының шығармашылығына арналған бұл жинақ көпшілік көдесіне жарар деген сенімдеміз. "Ештен кеш жақсы" деген, дипломдық жұмыстың негізінде жинақталған осы еңбегіміздің уақыты сәл созылыңқырап кеткеніне өздерінізден кешірім сұрай отыра, кітаптың жарық көруіне септігін тигізген барлық азаматтарға, соның ішінде, тарих ғылымдарының докторы, профессор **Сыдықов Мұрат Наурызғалиұлына** және «Қазақстанаудит» компаниясының президенті **Көшкімбаев Сапар Хайсаханұлына** алғысымыз шексіз екенін білдіреміз. Баба рухы қолдасын!

Автордан

АЛҒЫ СӨЗ

Көпшілікке ұсынылып отырған бұл жинақ қазіргі рухани сұранысқа сай келетін, қазақтың күйшілік өнері туралы жазылған зерттеулерге қосылған аса құнды еңбек. Сымбаты бөлек Сыр өңірі күйшілерінің көрнекті тұлғаларының бірі - Әлшекей Бектібайұлының шығармашылығы – "сыны кетсе де, сыры кетпеген", толыққанды зерттелінбеген, күйшілер қолына кенінен түспей жүрген ерекше бір рухани сала. Міне, осы қажеттілікке орай жазылған бұл еңбекте Әлшекей күйші туралы құнды пікірлер айтылып, ол жайындағы әдеби және тарихи мәліметтер кеңінен келтірілген.

Сонымен қатар, автор Әлшекей күйлерінің шығу тарихы мен аңыз-әңгімелеріне және оның орындаушылық ерекшеліктеріне кәсіби тұрғыда кеңінен талдау жасаған. Әсіресе, күйлердің түрлі нұсқаларын атай келіп, олардың қазіргі кезеңге кімдер арқылы жеткенін нақтылы көрсетіп, ажырата жазуы құрастырушының өрелі ғылыми ізденісте болғанын байқатады.

Жинақтың құндылығын арттырып тұрған тағы бір ерекшелік - автордың осы дәстүрдегі күйшілердің өз қолынан күй үйреніп, оны шебер меңгергендігінде дер едім. Нотаға түсірілген күйлердің жеңіл оқылып, орындаушылық тұрғыдан түсінікті болуы, әрі күйлердің өзіндік құрылымы мен саздық ерекшеліктерінің толық сақталып келуі автордың тиянақты ізденісін көрсетсе керек. Әр күйдің стильдік-орындаушылық ерекшеліктеріне баса мән берген автор, оларға теориялық талдау жасап, Әлшекей күйлерінде кездесетін өзіндік орындаушылық тәсілдерді кеңінен нақтылай білген. Мұның өзі жинақтың жоғары кәсіби өресін меңзеп тұр.

Жинақтағы Әлшекей күйлерінің орындаушылық әрі көркемдік бағытта салыстырмалы түрде ғылыми талдануы - бұл еңбектің кәсіби орындаушылар мен ғалым-мамандар арасында үлкен сұранысқа ие боларына дәлел.

Әлшекей күйлерінің табиғи болмысын аша түсуге барынша мән берген автор Сыр өңірі күйшілерінің ішіндегі Әлшекейдің өзіндік қолтаңбасын, оның әуездік ерекшеліктерін салыстырмалы мысалдармен көрсете келе, оларды ғылыми пайымдаулармен тұжырымдай білген. Сондай-ақ, жинаққа кіргізілген күйлер құрылымдық-көркемдік тұрғыдан жүйеленіп, ғылыми сұрыптау арқылы жіктеле топтастырылған. Бұл да құрастырушының күй өнерінің өзіндік ерекшеліктерін терең сезініп ондағы орындаушылық шеберлік үлгілерін айтарлықтай меңгергені болса керек.

Әлшекей күйші жайында сақталған деректердің аздығына қарамастан, қолға түскен мәліметтер арқылы жан-жақты зерттеу жүргізген құрастырушы күйші мұрасының халықтың рухани кәдесіне айналуына барынша еңбек жасаған: күйлерін нотаға түсірген, оркестрге бейімдеген, радио-телеарналар арқылы насихаттаған және орындаушылардың төл күйлерін осы жинаққа енгізіп, алғаш жариялаған.

Қысқаша айтқанда, жинақтың басты маңыздылығы - еліміздегі кәсіби музыкалық білім беру ордаларында Әлшекей күйлерінің де жүйелі түрде үйретілуіне негіз болатындығы.

Халқымыздың өзімен бірге келе жатқан дәстүрлі өнерінің ішіндегі тылсым сазды тереңі де - осы күй өнері. Ұрпақтан - ұрпаққа рухани мұра ретінде ауысып келе жатқан киелі күй өнерінің бүгінгі өрісінде Әлшекей сазы да анырап тұр. Оған қолдарыңызға тиген осы жинақ куә болмақ.

Қазақ музыкасы тарихында өзіндік орны бар, күй өнерінің ерекше бір саласын құрып, дамыта білген Әлшекей күйші туралы ғылыми-орындаушылық еңбектердің бастауындай болған осы жинақты өнер сүйер қауымның қуана қабылдайтынына сенім мол.

Біләл Ысқақов,
Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының
профессоры, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері

ӘЛШЕКЕЙДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Әлшекей - күйші-композитор ретінде Сыр бойындағы музыкалық мектептің көшбасында тұрған көрнекті тұлға. Қазақтың ән өнерінде Сыр бойының жыршы-жыраулық дәстүрі қандай дара болса, күйшілік өнерде де Әлшекейдің қолтаңбасы сондай дара. Ол оғыз-қыпшақтың Қорқыт арқылы жеткен эпикалық сарындарына мейлінше жүйрік болған. Сондай-ақ Арқа мен Атыраудың XVIII-XIX ғасырларда сараланған күйшілік дәстүрін де терең игергенін аңғару қиын емес. Сөйте тұра, Әлшекей бойындағы тегеурінді дарынның өзіндік өрнегі мейлінше айқын. Әрідегі оғыз-қыпшақ үрдісінің, берідегі Арқа мен Атырау үрдісінің, Әлшекей күйлерінен белгі беруін ұлттық музыкалық дәстүрдің кең аядағы типологиялық тұтастығымен байланысты қасиет ретінде қабылдау қажет. Сол типологиялық ауқым аясындағы күйшілік мектептерді саралағанда Әлшекейдің өнері өз алдына оқшау арна тартып жатады. Әлшекей күйлерінің әуендік бояуы мейлінше қанық болып келеді. Ал, бітім құрылысы жөнінен дәстүрлі тік күйлердің де, қоңыр күйлердің де қасиеттері мінсіз кірігіп, тұтастық танытып отырады. Мұның сыры - Сыр бойының ежелден-ақ қазақ халқына саяси-әлеуметтік кіндік мекен болғандығынан деп жорудың қисыны бар. Ұлы Дала көшпелілерді XX ғасырдың басына дейін саяси-әлеуметтік тағдырын Сыр бойында тоғыстырып отырды. Осынау тарихи үрдіс өнерпаздық дәстүрге де ықпал етіп, ісі қазақ даласындағы өнер мектептерінің тоғыса түрленуін қамтамасыз етіп отырған. Сыр бойындағы, әсіресе, музыкалық дәстүрдің синкретті сипатымен ден қойдыратыны сондықтан. Бұл үрдістен Әлшекейдің өнерпаздығы да шет емес. Оның күйлеріндегі ұлттық төлтума (самобытный) бояуының қанықтығын да, әуен-сазы мен бітім-құрылысындағы синкреттілікті де осы жағдайлармен байланыстыруға болады.

Кесек дарындардың алды-артындағы өнерпаздық дәстүр шүйгін болып келетін әдеті. Әлшекей өзінің алдындағы күйшілік дәстүрді тал бойына дарыта білумен бірге, өзі де тамырын кенге жайып, өкше басар ұрпаққа өлмес өнерін өнеге ете білген. Сырдың ұзына бойында, Ақмешіт (Қызылорда) пен Түркістан арасында, Қаратаудың күнгейі мен теріскейінде Әлшекейдің алдын көріп, өнерінің өрісін ұзартқан шәкірттері Жанғабылов Ақбала, Әлиев Сүгір, Қаламбаев Жаппас сияқты дәулескер күйшілер. Ал, олардың, көзін көрген, тағылымын алған келесі буынның көш басынан Момбеков Төлегенді атауға болады. Бұл күйшілердің бәрі де - Әлшекейден бастау алған өнер көусарынан сусындап, ұлы дәстүрді өміршең етушілер [1].

Әлшекей Бектібайұлы 1847 жылы жаздың бас кезінде дүниеге келген. "Бидай піскен уақытта туған екенмін" деп отыратын еді, - дейді көз-көргендері. Туған жері Жаңақорған ауданының Жайылма ауылдық округі көлеміндегі Қаратаудың Бектібай сазы деген жер. Нарбота сазы, Майшы сазы болып тауды өрлей беретін шұрайлы жерлер күйшінің ата қонысы еді. Далалық ауызша тарихнама үрдісімен таратын болсақ, күйшінің ата тегі Қоңыраттың Көтенші тармағынан тарайтын Құрбан руынан Кікші болып сараланады. Осы Кікші ұрпақтары ұзақ жылдардан бері Қаратаудың күнгейі мен Сыр бойын жаз жайлап, қыс қыстап құтты қоныс еткен. Кей жылдары Бетпақдаладан асып, Арқаны да жаз жайлап отырған осындай байы мен бағыланы көп, мәйекті елдің Сықымбайының Бектібайы орта дәулетті, шаруа баққан жан екен. Жәлектің Бұлтың Қыпшақ Рүстем дегенінің қызын алған. Осы анамыздан Туматай, Әлшекей, Кержан туады. Әлшекейдің азан шақырып қойған аты Әлішер болса керек. Әкесі, шешесі еркелетіп Әлшекей атандырған.

Әлшекейдің домбырашы болып қалыптасуына екі түрлі жағдай әсер еткен деп білеміз. Бірінші жағдай - әкесі Бектібайдың ән мен күйге құмарлығы. Шаруа баққан адам болғанымен Бектібай өз төңірегіне өнерпаздарды топтастырып, оларды қолдап, қошеметтеп отырған. Оның өнерге етене болуы сауықшыл, ерке бәйбішесі Жұмақыздың ықыласынан да туындаған сынайлы. Екінші жағдай - жас талап домбырашының Рүстем нағашысының тәрбиесін көруі. Рүстем айтулы сыбызғышы болса керек, жиеніне сыбызғымен күй шалуды үйретеді, өз алдына үлкен өнер мектебі болды деп бағалауға болады. Күйшінің кейбір күйлерінде сыбызғы сарынының болуы сөзімізді дәлелдей түседі. Әлшекейдің өнерге құмарлығы әкесі Бектібайдың төңірегіне жиналған әнші, жыраулар мен күйші, домбырашылардың ықпалымен нығая түседі.

Ол 12 жасында Сыр бойына белгілі күйлерді түгел меңгеріп, домбырашы атанады. Үлкен-кіші өнерпаздармен күй жарысында бақ сынасады. Баласының қабілетін жете таныған Бектібай оны жиын тойдан тастамай ертіп жүріп, Қаратаудың теріскейі мен күнгейін, Ақмешіт пен Түркістан арасын түгел аралатады [2]. Ел көру, жер көру, халық тұрмысымен, өнерімен танысу оның күйшілік өнерінің көзін ашады [3].

Күйші бала кезінде жырада қасқыр талаған тоқтыны құтқарып алып, кейіннен "Ақсақ тоқты" атты ең тұңғыш күйін шығарған. Қанша жасында шығарғаны жайлы мәлімет жоқ [4]. Сонымен қатар, Әлшекейдің тұңғыш туындыларының бірі — "Тепеңкөк" күйі. Осы күймен оның есімі елге танылды [5].

Қаратаудың теріскейін жайлаған Тама руынан Шолпанды құда түсіп алып бергенде Әлшекей он алты жаста еді. Келіндері "Шобыр ана" деп атаған Шолпаннан Әлшекей Ерсұлтан, Байсұлтан деген екі ұл және екі қыз көреді. Әлшекейдің екінші әйелі Сырғакүл Қоңыраттың ішіндегі Әлшен Караша Әбшен молданың аталарының қызы еді. Одан Қарабала, Жұмабек, Дәнебек деген үш ұл және төрт қыз туады.

Үшінші әйелі Қаракөз - Арқаны жайлаған Көкмұрын Қыпшақтың қызы. Бұдан Мұса, Әлеухан және бір қыз туған. Әлшекейдің бар балаларының кейінгі тарихы былай өрбиді.

Үлкен ұлы **Ерсұлтан** 1865 жылы туған. Әйелі Кенжекыз - Ақсүмбелі Жәукім Божбанның қызы. "Енеміз адуын, ауыл-үйдің шаруасын ұршықтай иіріп отыратын еді", - дейді келіндері. Ерсұлтанның жалғыз ұлы Иматайдың ұрпағы бұл күнде 6 шаңырақ. Ерсұлтан 1921 жылы өкпе ауруынан қайтыс болды. Екінші ұлы **Байсұлтан** 1868 жылы туып, 1923 жылы қайтыс болды. Сәдуақасының ұрпағы қазіргі кезде 9 үй. Үшінші ұлы **Қарабала** 1954 жылдың 15 наурызында 80-нен асып қайтыс болған. Бірінші әйелі Шырынкүл Арыстан Құйысқансыздың қызы еді. Одан туған ұлы Сәт 1938 жылы Шымкентте оқу бітіріп келіп, қайтыс болды. Пүліш, Сайыпжамал деген екі қызы да Әйбике руына келін боп ұзатылды. Ал екінші әйелі Перизат Өзбекстанның Лақайының қызы еді. Одан Орынбасар, Қазақбай, Сәтқұрылыс, Бештай, Құрашбектер қазір 7 шаңырақ. Ал төртінші ұлы **Жұмабектен** жалғыз қыз қалды. Бесінші ұлы **Дәнебек** 1895 жылы туған. 1920 жылы Қойлыбай Құйысқансыздың қызы (Құдаяров Көбеннің апасы) Күлпатқа үйленеді. Дәнебек 1969 жылы 11 наурызда, Күлпат 1975 жылы қайтыс болды. Олардың балалары Сейсенбек пен Жидебайдан тараған ұрпақ 9 үй.

Мұса 1909 жылы туған, 1977 жылы қайтыс болды, әйелі Дабаш Қойлыбай Құйысқансыздың қызы еді. 1980 жылы дүниеден қайтты. Женге алған әйелі (Әлеуханның жесірі) Манат та Құйысқансыздың қызы болатын, 1982 жылы қайтыс болды. Мұса ұрпағы қазір 4 үй.

Жұмабек пен Әлеухан 1931 жылы Самарқанда Бадынын желіне ұрынып қайтыс болды. Екеуі бір жылы туған құрдас еді.

Күйшінің көші 1932 жылдың ерте көктемінде Самарқанд облысының Жауан қыстағы түбіне келіп еру қылады. Әлеухан мен Мұсаның емшек жасындағы балалары ауырып, солардың бабын жасайды. Науқастан оналмай үзілген екі нәрестені жол шетіне қойып, көшуге жиналғанда, Әлшекей күйші:

- Мені ұзатпаңдар, туған жердің дәм-тұзы бұйырмайтын сынайлы. Осы екі нәрестенің қасына қоярсыңдар, - деген екен.

Сірә, өз шамасын білген болар, келесі күні бесін ауа домбырасын шертіп отырып, күйші ата мәңгілікке көз жұмады.

Әлшекейдің 7 қызы болған. Шолпаннан туған екі қызы да Теріскейдегі Әйбикелерге келін боп ұзатылған. Олардан байланыс үзіліп қалған.

Сырғакүлден туған Ұлтуар Жәукім Божбан Әмірге ұзатылады, қазір Келес жағында, Үлбосыны Құйысқансыз Әбдірәман тәуіпке барған, ұрпақтары Қожамберділе тұрады.

Қаракөзден бір қыз еді. Найман Арап дейтінге шықты, қазір оның ұлы Шапридун Төнкерісте тұрады.

Әлшекейдің барлық баласы да домбыра ұстап, күй шерткен. Солардың ішінде Қарабала мен Дәнебектің өнері ерекше болған. Құғын - сүргінді көп көріп, жүрегі шайлыққан Дәнебек күйді оңаша тартады екен. Жылдар бойы қанына сіңген осы әдет кейін келе қызғаншақтыққа ұласқан сынайлы. Әкесінің барлық күйін жете меңгерген Дәнебектің барлық өнерінің қызығын жалғыз ғана әйелі көргені аян. Өзбекстан жерінде көші-қоны бір болған Әбшен, Әбдіхалық молдалардың Әлшекей ұрпағымен ұзақ уақыттар бойы жұбы жазылмаған. Әбдіхалықтың баласы Әбдікадыр Қарабаладан үйренген күйін міне тұтпай, Дәнебектің үйін төңіректемей ме?

Домбыра дауысы естілсе, ауыл шетіндегі жолым үйдің жабығынан сығалап, ығында жатып күйге құлақ тігетін әдет табады.

- Менің тарткан күйлерім Дәнекеннің тартысының жуығына да келмейді. Небір керемет шертістері бар еді, үйренудің сәті түспегені ғой, - дейді Әбдікадыр. Десе дегендей-ақ, Дәнекең тартатын 70 күйдің Әбекене ауысқаны 7-еуі ғана.

Дәнебектің көзі тірісінде 1968 жылы өзі орындаған көптеген күйлері үнтаспаға жазылған еді. Кейін ол жазбаның дерегі табылмай кетті. Оның үлкен ұлы Сейсенбай атасының жолын қуып, әке өнерін бойына сіңіріп өскен еді, жастай дүние салды.

- "Қырықжылдықта" отырған кезіміз (Қазақстанның 40 жылдығы атындағы шаруашылық, Ташкент облысы) еді. Жөкем бір күні кешке дейін домбыра тартты. Кіріп шыққан адамдардан әдетіне басып қымсынбады да. Әйгілі үстаға бір кара беріп жасаткан кара домбыра болушы еді, атамның көзін көрген деп отыратын. Бір сәт аңғарсам, әкем ағыл-тегіл жылап отыр. Сөйтіп ұзақ тартты-ау. Әлден уақытта орнынан атып тұрып домбыраны тізеге қойып екі бөлді. Екі бөлді де жанып жатқан ошаққа тастай салды. Сондағы айтқаны: "Әкем мен Қарабаладан қалған, Сейсенбегімді жалмаған қу тақтай менен де қаларсың". Өзіміз шаруа күйттеп, күйге мән бермеппіз. Туған жерге жетуі бір арман болған шалдар елге келгесін бәрі де бас-аяғы 5-6 жылда лаң тигендей қырылып қалды, - дейді Әлшекейдің немересі Жидебай аксақал.

Әлшекейдің өзі де, әкесі де, кейінгі балалары да бай болып елдің алдына түспеген. Шаруаға мығым, ұстанақтылығымен күн көрген әулет ешкімге тәуелді де болмаған, тізесін де батырмаған. Өзіне лайық дәулеті күйшінің түрмыс-тіршілігіне, отбасы мүктажына қарайламай, еркін жүріп-тұруына жетіп тұрған. Кермесінен тәуір ат үзілмей жүйрік баптап, көкпар тартуы, сүйген қызын алып қашып үйленуі, би-болыстың мінін бетіне айтқан турашыл жан дүниесінен романтикалы аскақтық, сұлулыққа құштар сыршылық танимыз.

Қазан төңкерісі көшпелі қазақ жұртшылығына сан қилы өзгерістер әкелді. Оның жақсылығы да, зияндылығы да болғаны даусыз. Орта дәулетті Әлшекей әулеті осының бәрін басынан өткерді. Аталас ағайындарының мал-мүлкі конфискеленіп, жер аударылды. Бұл жағдай күйші әулетін де айналып өткен жоқ. Ал Әлшекей ұрпағының ішіндегі көзі ашық, еті тірі Ерсұлтанның Иматайының да әділдік іздеген талабы таска соғылып, бүкіл әулетімен бас сауғалауға мәжбүр болды. Елді безер қылған аудандық партия комитетінің хатшысы Қилыбай Көсеубаевтың қаһарынан қашқан Иматай кіре тартып, көзі таныған Өзбекстан жеріне бар ағайынын ертіп бір түнде ауа көшеді. Желкайықпен дариядан өткен күйші туған жерін қимай, көрі қойдың жасындай ғұмыры қалғанда сүргінге түскен елінің тағдырына қиналып, баппен аққан Сырдың суына телміріп ұзақ қарап тұрады. Дарияның толқыны көңілінің толқынына ұласып, ел мен жерге деген қимас сағынышы қайғы мен касіретке айналып, осы толғаныс үстінде "Толқын" күйі дүниеге келеді [2].

Туған жерімен "Толқын" күйі арқылы таусыла қоштасқан Әлшекейге, десе дегендей, ата жұртын қайтып көруді тағдыр жазбаған. Алғашқыда тіршілік қамы үшін Өзбекстанның Жызақ, Самарқанд жағында кіре тартып күнелтеді. Бірақ, "бай-құлақтың тұқымы" деген қауесет бұл жерде де түрткілеп, тыныштық бермейді. Содан, ізін суыту үшін тағы да жылыстай көшіп, Ауғанстан асып кетуді ниет етеді. Жолай Бадының желіне ұрынып, Жұмабек пен Әлеухан деген балалары қайтыс болады. Мұнан әрі Тәжікстанның Шәрбөт ауданына карасты Яуан (Жауан) қыстағына келіп тізгінін тартады. Бұл жерге жеткенде жол азабына шыдамай Әлеухан мен Мұсадан туған екі немересі қатар шетінейді. Әлшекей жақсы көретін қос немересінің басын қимай, сол Яуан қыстағына тұрақтап қалады. Бұл кезде жасы сексеннен асып, үйде отырып қалған. Ересектер түз жұмысымен жүргенде, Әлшекей үйде отырып Данабек бастаған немерелеріне қоңыр домбырасымен күй үйретеді. Соны көңілге медет етеді. Күндердің күнінде ұрпағы елге оралар күн туса, өмір жолының шежіресіндей көкірегін жарып шыққан күйлері туған жердің төсінде шалқи естілер деп үміттенеді. Сол үмітті серік еткен Әлшекей көкірегіне шер байланып, көңіліне сағыныш ұялаған қалпында 1932 жылы фәни жалғанмен қош айтысады. Күйшінің сүйегі Яуан қыстағының шетіндегі қорымға, қос немересінің қасына жерленеді [1].

Өзбекстанның Жызақ, Самарқанд далаларын кезіп, Памирдың тау-тасын сүзіп жүрген көш күйші дүниеден қайтқан соң да көп уақыт байыз таба алмаған. Осы кезде Иматай жөкеміз: "К... карамай Көсеубаевпен айтысқан немді алған", - деп айтқан екен. 1936 жылы күйші әулеті Ташкент облысындағы "Қазақстанның 40 жылдығы" атындағы кеншарға тұрақтады. Қазіргі кезде олардың көпшілігі ата қонысына қайтып оралды [2].

ӘЛШЕКЕЙ КҮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

Терісқақпай

Қоңыраттың Күйысқансыз деген бір ауылында жесір дауы болыпты. Дауды Нұржан деген қыңыр би теріс шешеді. Жазықсыз жапа шеккен жесірдің көз жасы елдің сай сүйегін сырқыратады. Сол дауды көзімен көріп, әділетсіз биге налыған Әлшекей топ алдына шығып, ашы ызалы шертіске басады. Сонда әлгі би тұрып:

- Бұрауың теріс, шертісің қисық екен, - дейді. Әлшекей оған:

- Иә, би қисық болғанда, күй қалайша түзу болушы еді, – деп жауап береді [6].

Халық ақыны Манап Көкеновтың осы күйге байланысты өлені бар, бірақ күйдің аңызы бөлек:

Тартыспақ боп күйші қыз Айшаменен,
Көп жігіт ат сабылтып келе берген.
Жеңілдім деп талайы қайтып кетсе,
Келеді талапкерлер дәмеленген.
Әлшекей де келіпті тағат таппай,
Қызбенен тартысыпты тамақ татпай.
Енді қайттым дегенде жан қысылып,
Күй туыпты деседі "Терісқақпай".

Шерлі (I нұсқа)

(Ә.Әбдіхалықовтың айтуы бойынша)

Бір ауылда елге сыйлы ақсақал болыпты. Ақсақалдың жасы біразды еңсеріп қалса да, ауылдастары оған "жақсыдан тұяқ қалсын" деген жебеумен жас тоқал алып береді. 60-ты алқымдаған шағында үйленіп, 65 жасында шалдың баласы 4-ке келіпті.

Көктем келіп, қызғалдақ гүлдеп, бүкіл жаратылыс жанданып жатты. Әдетте, көк шыққанда төрт түліктің бір жасап қалатын әдеті. Бір күні шығырды бас алмай жеп, 3-4 түйе күпті болып қалады. Есік алдына шығып шуақтап отырған қарт түйелерді қуып келмек болып, орнынан тұрып кетеді. Ізінше тоқалының қолынан шығып кетіп, баласы әкесінің артынан тұра жүгіреді. Түйенің үстінде отырған әкесі оны байқамайды. Арт жағына таяп келгенде түйе бір теуіп, сәби жазым болады.

Ауылдастары жиналып, шалға қазаны қалай естіртудің ретін таппай дағдарады. Сол кезде Әлшекей тұрып:

- Мен күймен естіртейін, - деп азаматтық танытады.

Ақсақал түйелерді қуып келген уақытта, келісім бойынша, жиналған жұрттың назары Әлшекейге ауады. Ол отырып бұрын естілмеген бір күйді ауыр бастап ойнай жөнеледі.

Сонда шал тұрып:

- Түрлерің түніреніп тұр ғой?! Мына күйді мен бұрын естімеген едім, өзі бір зарлы күй екен. Сендер менің жалғызымнан жаманат хабар айтып тұрған жоқсыңдар ма?! - деп сұрайды екен. Халқы ақсақалдың күдігін құптап, бас изеседі.

- Уа, халқым, жыламаңдар. Менің қайғым бір бұл ғана емес. Осымен 9 бала жерледім, о дүниеде алдымнан шығар. Бұл да болса, Алланың ісі шығар, - деп, шал мұңайыпты.

Шалды қолтығынан сүйеп үйге кіргізгенде тоқалына: "Әй, тоқал, биіктеу қылып төсек салып жібер", - депті. Бауыр еті - баласын ойлап, шалдың іші іріп, қап-қара болып кеткен екен. Жиналғандар молданы алдырып, дем салдырады. Сонда шал Әлшекейге: "Сен менің жалғызымның қайтқанын естірттің ғой. Мен өбден жан тапсырғанша жаңағы күйді тоқтамай ойнай бер. Соңғы тілегім сол болсын", - деп, қолқа салады. Әлшекей көп күттірмей домбырасын қолына алып, әлгі мұңды күйін қайта бастайды. Күйдің ортасы өтіп, аяғына келе бергенде, ақсақал жан тапсырады.

"Шерлі" күйінің шығу тарихы осындай. Адамның қайғысынан сейіліп, шерін таркатып алуымен байланысты "Шер таркату" немесе "Шерлі" деген осыдан туған [3].

Шерлі (II нұска)

Әлшекей Теріскейдегі тамалардың тойына барған сапарында бір ауылға еру қылды. Ауыл ағасы жолаушылап кеткен екен. Пайғамбар жасынан асқанда төсек жаңғыртып, алған тоқалдан туған қаратабан болып қалған жалғыз үлды түйе тартып өлтіріпті.

Әне-міне келеді деп отырған отағасына жалғыз ұлдың қазасын естіртуден ауыр не бар?! Қайғыдан қан жұтқан тоқал, есінен танып абдырағаң бәйбіше, іштен тынған ауыл ақсақалдары, жандайға қанықкан күйші қаралы үйде күңірентіп күй тартыпты дейді. Тарткан сайын күй әріптері тыңдаушыларын бей-жай калдырмай бірде жылатып, бірде ақ ұрғыза күңірентіпті. Олар осылайша каралы көңілдерін күймен жұбатып отырғанда, отағасының үй іргесіне келіп аттан түскенін, одан мұңды да сырлы бой алдырып босағада сілейіп тұрып калғанын ешкайсысы аңғармапты.

Күйдің жүрек қылын шертер сөттері үшінші, әлде бесінші рет қайталанғанда кос ішектің бірі үзіліп кетсе де жалқы ішекпен жетім көңілдің шерін тарқаткан күй жалғаса беріпті. Күйдің айтар ойы санасындағы қауіппен дөп келгенде:

- Құдайым-ай, жалғыз ұлдан айрылып жетім шал атанғаным ба? - деп босағаға отыра кеткен екен отағасы.

"Шерлі" күйін нәшіне келтіре орындайтын Сүттіқұдық ауылының тұрғыны Тынысбек Дүйсебеков күй аңызын осылай тарқатады [2].

Шерлі (III нұска)

Әлшекейдің әйелі – Сырғакүл катты науқастанып қайтыс болады. Үйде үйелмелі–сүйелмелі Ерсұлтан, Байсұлтан, Қарабала, Жұмабек, Дәнебек деген 5 бала соңында шулап калады.

Жас балалары анасын аңсап, жоқтап көп жылайды. Сонда әкесі балаларын қалай жұбатарын білмей катты қиналады. Әлшекейге бес баланы асырау онайға түспейді.

Жас балаларының анасын аңсап, жылап-сықтауы, дін иелерінің өзін "Шайтан таяғын ұстаған сиқыршы" деп құдалауы, бәрі үлкен ой салады. "Шерлі" күйі осы кезде шыққан [7].

Шерлі (IV нұска)

Бірде Әлшекей Аркада серілік құрып, қайтып келіп жатқанда, өз тобындағы Баймұрат есімді жігіт кенеттен қайтыс болады. Әлшекей оның қайтыс болуын елге "Шерлі" күйімен естіртеді [6].

Айрауықтың ащысы-ай

Бір күні Әлшекей, Мұстафа ақын, Өтемәлі жас өнші, тағы еті тірі екі жігіт, бесеуі Бекен байдың ауылына келеді. Бай олардың келгенін жақтыртпай, қонақ қылмайды. Бай:

- Анау құмнан ассаңдар, кеше көшіп келген ел бар, соған барыңдар, – деп қабылдамайды. Сонда Әлшекейдің жан досы Мұстафаның:

"Айрауықтың ащысы-ай,
Тұщы судың тапшысы-ай.
Бес жігітке құрылған,
Бекен байдың апшысы-ай.
Кешқұрым қайда жүрейік,
Жол сырын қайдан білейік,
Кеншілік етсе Байекең,
Үй сыртында түнейік", - деп айтқан өлеңіне Әлшекей отыра қалып, аяқ астынан күй шығарған екен [8].

Тепеңкөк

Бірде Шиелі базарынан қос салт атты келе жатты. Бұл Жәнібек байдың сауда-саттық жасап, ауылына қайтқан беті болатын. Қасында атқосшы серігі бар Жәнібек бай елең етіп, ат басын тежеді. Құлаққа тосын аққу үні келгендей. Төбенің етегінде тың тыңдап тұра қалды.

Жалтақтап жан-жағына қарайды, ұшып бара жаткан аққуды көре алмайды. Құлағын түріп, тағы да тыңдайды. Аққулар аялдар айналада мол су байқалмайды. Сәлден соң біреудің аққу құс әуеніне сап, домбыра тартып отырғанын сезінеді.

- Мынау кім де болса он саусағынан өнері тамған жан екен, бар, ертіп кел, - дейді қасындағы

серігіне. Ол атынан түсіп, өрге қарай жүгіре жөнеледі. Біраздан соң қасына дөңгелек жүзді, томпиған қара домалақты жетектеп келе сала:

- Жәке, әлгі киқулаған аққудың даусын салып, домбырасымен тау-тасты жаңғыртып отырған мына бір бала екен, - деп Әлшекейді көрсетеді.

Жәнібек бай баланың о жағынан бір, бұ жағына бір сынай қарап тұрып, «Болайын деп тұрған бала екен», - деп ойлайды да:

- Оу, балам, қай ауылдан, қай туғанның баласысын? Мұнда неғып жүрсің? - деп сұрастырады. Бала бай сауалынан тосылып қалмай:

- Ауылым – Көкбұлақта, атым - Әлшекей, әкем — Бектібай, - деп өз жөнін түсіндіреді.

Сикымбай байдың Әлшекей дейтін кішкентай немересі «домбырашы бала» атаныпты дегенді бұрыннан құлағы шалып жүрген Жәнібек:

- Е, Сикымбай ағамыздың сыбызғышы, домбырашы немересі бар деуші еді, сол сен екенсің ғой, ой, айналайын-ай, кел, алдыма отыр, үйіне апарып салайын, - деп онтайлана бергенде, Әлшекей:

- Рахмет, әке, менің қасымда Рүстем атам бар, ол кісі төбе басында мені тосып отыр. Атам мені күнде осылай серуендетеді. Қызық-қызық өнгіме айтып, қобызымен күй тартып береді. Мен оны домбырамен қайталаймын. Бүгін де сөйтіп отырған едік.

- Онда жарайды, - баланы сынағысы келді ме, - ендеше бір күй тартып жіберші, - дейді.

Жәнібек байдың жүзінен "енді қайтер екен" дегендей, кекесінді кейіп танылды. Бала мұны түсіне қойып, әуелі байға, сосын оның астындағы көк атқа қарап алады да, аяқ асты жаңа бір күй сарынын төгілдіре жөнеледі. Бұл күйдің желісі Жәнібекті көргенде көкейіне келген. "Өзі бай болғанымен, мініп жүрген атының сиқы мынау, мұнан не күтуге болады", - деген ойдан туған еді.

Әлшекей аттың тепендеген жүрісін, адамның, ішек-қарнын сапырылыстырып жіберерліктей жайсыз жортағын, төрт аяғы төрт жаққа шашырап түсетін қыршаңқы шабысын күй әуенімен бейнелеп өтті. Бай Әлшекейден көз алмай тұрған күйінде үнсіз қалды. Күйдің өзіне арналғанын түсінді. Уытты мысқыл барын іштей сезінді. Түсіне, сезіне тұра жас күйшінің өнеріне аса риза болып: «Тағы да кездесерміз, балам», - деп шолақ қайырып ауылына жүріп кетті. Бұл күй содан "Тепенкөк" аталған. Кейіннен өз ауылында жиын той, сауық-сайран бола қалса, Жәнібек бай "домбырашы балаға" арнайы кісі жіберіп, сый-құрмет көрсетіп, күй тарткызатын болыпты [9].

Осы күйдің аңызын Манап ақын былай өлеңдейді:

Көп жемей мал жияр байлар епті,
Жалғаннан жан тұшытпай өмір өтті.
Тапқанын кедей келді, төкті, жеді,
Тірліктің арбасын тек дөңгелетті.
Қаз мойын тұлпар мініп кедей келсе,
Тепен желіс көкше мен бай да кепті.
Барын киіп мінбеген байға өкпелеп,
Әлшекей тарткан дейді "Тепенкөкті" [14].

Бозінген

Бірде Әлшекей жолаушылып келе жатып, жұттан әрең шыққан бір ауылға тап болады. Ауыл шетіндегі үйде тұратын кемпір мен шал күн көріп отырған жалғыз інгенінің сүтінен де қағылады. Себебі, аштан өлген ботасынан айрылған інген де қайғы жұтып, емшегі ішмей қалады. Кемпір канша әуреленгенімен емшектен сүт шықпай амалсыз отырады.

Бұл жағдайды байқаған Әлшекей домбырасын қолға алып, құлағын бұрап, бұрын тартылмаған бір күйге келтіре бастайды:

Ботаң өлді боз інген,
Айрылдың-ау көзіннен,
Қасында қалған кемпір-шал
Үміт етер өзіннен, – деп күй тартып иіткен екен [10].

Акку

Сүгірдің, Тіленділің "Аққулары" сияқты Әлшекейдің бұл көне жанрға тоқталуы

кездейсоқтық емес. Бұл Әлшекейдің "Құс- жануарларға арнау циклында" жазылған күйлерінің бірі.

Күй ерекше сазбен сызылтып басталады. Көл бетінде сырғып жүрген кос акку су бетіне тамып кеткен екі тамшы сүттей дерсіз. Аппақ, әдемі, пәк. Сол сұлулықты бар жанынызбен сезініп, ешкім кол сұқпаса дейсіз.

Күй де сырғыған секілді бірде сызылтып, бірде жылжытып, бірде сырғытады.

Тағы да ойға шомасыз. Аққуы бар айдынның сазы қашан да бөлек. Айна көлді жағалай біткен камыс, қоға да сол сазға бөленіп, бастары қоңыр желмен ақырын тербеледі. Аққудың сазында көңілдің назы да бар. Қылығы көз тартарлық кос акку түмсығын түйістіріп, бірінебірі еркелейді. Осыны сезініп, осынау сұлулықты түйсінген көңіл көзбен көріп, қолмен ұстағысы келіп жүтынады. Жомарт табиғат акку шіркінге катар үшып, катар конар адалдық берілті. Кенет... кос ішек бебеулей жөнеледі. Естіген көңіл де алай-дүлей. Акку сұңқылдай ма қалай?! Әлгінде ғана қосылып салған әсем саз мұнайып, түнжыраған жалқы әуенге айналды. Бейкүнә сынардың сынсып салған мұңды әніне бір сәт камыс та камығып, су да жылайтындай. Бұл – сынарынан айрылған аққудың жаралы халі. Сұлулыққа, адалдыққа сызат түсті ме? – деп, сіз де камығасыз. Енді бір сәт сұлулық әлеміне сапар шектірген Әлшекей күйінің құдіретіне бас шайқап, тамсанасыз [3].

Бұл күйді Т.Дүйсебеков "Акку кеткен" деп орындайды. Ал М.Көкенов былай толғайды:

Кос акку өмір кешкен көлде көптен,
Сынарын мерген аткан андып еппен.
Жұбы жоқ, құс екеш құс көлден безген,
Әлшекей сонда тарткан "Акку кеткен".
Аңыз ба, әлде, шындық па мұның өзі,
Күйқылжыған күй болып бізге жеткен [14].

Адасқан қаз

Бұл күйдің де екі түрлі жорамалға орай екі түрлі аңызы бар.

Алғашқысы – "Бұл күй аңшының оғынан өлмей жаралы калған қазды бейнелейді" [10], - делінсе, екінші бір өңгімеде: "Қапыда адасып жалғыздық зарын тартып, айдын көлде мұң шаккан капалы қаздың үні" [6], - деп келтірген.

Екі аңыздың екеуіне де ортақ жайт бар. Ол - жалғыздықтан жапа шегу. Күйдің атында да терең бір сыр жаткандай. Қапыда адасып жалғыз калған капалы каз. Заманның алай-дүлей ағымына ілесіп, атамекенінен көз жазған күйшінің өз халіне пара-пар. Яғни ата коныстан ажыраған күйші өзін сол жаралы, яки, адасқан қазға теңейтін секілді. Әлшекейдің бұл күйінің өзінде ащы шындық жатыр, қым-қуыт шытырман өмір жатыр.

Қара жорға

Әрбір композитордың шығармашылығында қыз-келіншектер образына арналған арнау күйлер көптеп кездеседі. Әлшекей ансары ауған арудың өзіне тікелей арнамай, күйдің атын "Қара жорға" деп астарлап қойған:

Ер тұрман күмістелген камшы колда,
Жорғаны су төгілмес салып жолға.
Үстінде ай диларлы бір қыз отыр,
Қараған каздай бойлап оң мен солға.
Есі кеткен кей жігіт елең етіп,
Түспейді-ау деп күрсінер біздің колға.
Әлшекей де аруға ансары ауып,
Деген күйді шертіпті "Қара жорға" [14].

Жаяу кербез (I нұска)

Әлшекей Жаңақорғаннан келген бір жеңгесінің өтініші бойынша бұрын естілмеген жана күй орындайды. Күй қайырмасына келгенде, сол колымен домбыра тарта отырып, Әлшекей оң қолын күйдің ырғағымен жанында отырған жеңгесіне жүгірте бастайды. Дастархан басында отырған көпшілік Әлшекейдің бұл өнеріне риза болады. Сол күй "Жаяу кербез" аталып кетеді [10].

Әлшекей жеңгесін күймен, ал Манап ақын өленмен былай суреттейді:

Бір жеңгесі ақ сүйрік, көзі нәркес,
Қылығы мен ақылы баурайды әркез.
Қайран кәп жүріс-тұрыс, мінезіне,
Әлшекей тарткан күйі "Жаяу кербез" [14].

Жаяу кербез (II нұсқа)

"Өзі бұланай сезімді, еркін ойлайтын сері, бетті жан бай-мырзаның ішкені мас, жегені ток, тоғышар бәйбішелерін әжуалап былқылдатады".

Шынында да, әр әзілдің астарында шындық бар. Әлшекейдің дәл мына әзілі тоғышарлықты, төмен өре мен қуыс кеуде – пәндықты әжуалайтындай. Табиғат бермеген тек әшейін барға мастанудан бойға бітер "керексіз кербездік" бай бәйбішелеріне тән болса керек [10].

Бұл күйді Тынысбек Дүйсебеков Жанақорғанның, "Жаяу кербезі" десе, Әбдікадыр Әбдіхалықов "Жанақорған жеңгем сүйері" деп әңгімелейді.

Тайшұбар

Ел кезген жалғыз басты жігіт әлдебір байдың жылқысын бағуға жалданады, - дейді. Күндердің күнінде жігіттің қарауындағы үйірден бір құла бие жарғақ құлын туады. Дәулеті асып-тасыған байдың күні шала туған құлынға қарап қалып па?

- Мал болып жарытпас, бауыздап таста, - дейді. Атының сыры иесіне мәлім деген.

- Байеке, осы құлынның обал-сауабын мен-ақ көтерейін, маған қиыңыз, – дейді жылқышы.

Дейді де, құлынды ерекше күтімге алып баға береді. Уағдылы уақыты біткен соң байға келіп "Табан ақы маңдай теріме, осы тайды беріңіз" деп сұрап алады. Тай өсе келе айтулы түлпар болыпты.

Бұл кез – қазақ хандарының түп атасы Барақ ханның, Сығанақта Ақорданы билеп тұрған уағы екен. Әкесі Құйыршық ханға ұлан-асыр ас береді. Мынбұлақтың жазығында 500 ат қосылған аламан бәйгеге Тайшұбар да қосылады. Атбегі сыншылардың назары Қосшұбарға – Тайшұбар мен Барақ ханның Ханшұбарынан ат озбауы керек, – депті.

Шуу дегеннен алға шыққан қос шұбар бір-бірімен құйрық тістесіп ұзақ шабады. Ақырында Тайшұбардың жер дүниені дөңгелеткен алақұйын шабысына ілесе алмаған Ханшұбар зорығып өледі. Ханшұбардың жабуын жауып, екі бала мінгескен аттың шабысына тоскауылдағылар да ілесе алмапты. Шабысын ірікпеген күйі көмбеден аткан оқтай өте шыққан түлпардың жауабын Ханшұбарға, шабысын Тайшұбарға ұқсатып, аңырып тұрып калған көптің құлағына "Барақ хан-ау, Барақ хан, атың өлді, Барақ хан" деген сарын жетеді.

Ханшұбары өліп, жалғыз атты жалшының аты бәйгеден келгеніне намыстанған хан Тайшұбарын тартып алып, жігітті қаңғыртып жібереді. Ханнан жәбір көріп, жаны күйзелген жігіт: "Барақ хан-ау, Барақ хан" деп басталатын гөй-гөйін айтып, ел кезіп жүріп қайтыс болыпты" деседі.

Анызсыз ақиқат жоқ. Ел аузындағы аңыз осылай дейді. Күйдің музыкалық комплексінен күдіретті өнер туындысына айналып, бүгінге жеткен өткен күннің шежіресінен аңғарамыз. Динамикаға толы ішкі қуаты мол, орындалуы өте күрделі күйдің анызын халық ақыны М.Көкенов екі ауыз өленмен былайша түйіндейді:

Бәйгеге хан қосыпты Ханшұбарын,
Бай қосыпты атақты Айшұбарын.
Тәуекел деп қу кедей жалғыз атты
Қосыпты мініп жүрген Тайшұбарын.
Қарайлап тұрғанда ел ығы – жығы,
Төнірінің көп емес пе, берсе сыйы
Әлшекей кедей мінген түлпарға арнап
Тайшұбар деп тамаша тарткан күйі [2].

Отарба

Сыр бойындағы елдің өміріне Орынбор – Ташкент темір жолы үлкен өзгерістер ала келді. Тосын жаңалыкка тосыркаушылар көп.

Таңырқаушылар да жетерлік. Ғасырлар бойы өз қызығы өзінде іштей мүлгіп жатқан даланың тыныштығын бұзған паровоз дауысы көшпенді жұрттың тыныштығын бұзғандай. Әлдебір дүрбелең күндердің хабаршысындай ма, қалай өзі?

Қалай дегенмен де 1904-1905 жылдары салынған теміржол құрылысы Сыр бойына Ресейдің ықпалының шындап арткандығының кепілі болды. Ел өміріне дендеп ене бастаған жаңа мәдениеттің, қоғамдық жүйенің өміршеңдігінің, технократтық салт-сананың өктемдігінің нышаны ұлттық санада да паровоз бейнесінде қалыптасқандай.

Теміржол құрылысы жүріп жатқан кез құрылыс қажеттілігіне деп жергілікті халықтан неше түрлі салым-салықтар жиналады. Салық жинаушылардың арасында пайда іздеген қулар да болады. Сондай бір қулар осы күнгі 24 бекеттің тұсындағы Сырттқы Айырқұмды қыстаған күйші ағайындарының аулына келеді. Озбырлық жүрген жер жанжалсыз бола ма? Үзатылар қыздың жасауына қызыққан бір сұғанақ оны да салықтың қатарына алып кетеді. Сауға сұрап шаужайына оралған кемпір де соққыға жығылады.

Бұл кезде Тасболат бидің баласы Бабай Ақмешітте приставтың тілмашы болып тұрады екен. Сол Бабай араға түсіп, ұлықтардың алдында озбырлардың кінәсін мойнына қояды, әділ жазасын тарттқызады, тартып алып кеткен дүние- мүлікті өз қолдарымен қайтарады. Осы оқиғалардың куәсі болған Әлшекейдің көкірегінен "Мен заманның жаратпаймын сүренін" деген толғаныс болып, "Отарба" күйі дүниеге келді [2].

Мұңлықтың күйі

Бір шалға жас қызды зорлап ұзатады. Қыз шалдан қашып шығып құтыламын деп жүргенде айдаладағы бір құмда адасып, опат болған. "Шекер қашқан" деген жер осы күймен сабақтас. Күйде қыздың қайғырып сынсығаны бейнеленген" [11].

Күйшінің қыс қыстауы Майшының көлі мен Шұрықтың көлінің арасы аяқ тастам. Шұрықтың көлінен солтүстікте қозы көш жердегі бүйір құм Шекер қашқан деп аталады. Әлшекейдің "Мұңлықтың күйінің" шығуы осы құмға, осы атауға тікелей байланысты.

Қуатбайдың Ізбасарының балалары Дәбір, Жайыл, Абылай дегендер жеті атасынан байлық үзілмеген текті ұрпақ еді. Жаз жайлауы Қаратаудағы Түлкілі өзенінің сағасындағы Манабай, Шыбынтай сазы деген жерлер. Дәбірдің баласы Манабай да, Жайылдың баласы Шыбынтай, осы балаларының атымен бұл қоныстар солай аталып кеткен. Олардың қыс қыстауы Мыңбұлақтың етегінен басталып, Шұрықтың көліне дейінгі жерлер екен.

Жалғыз қызды Дәбір әкеміз бетінен қақпай өсіріпті. Екі ағасы Манабай мен Шөкенге ілесіп, ат құлағында ойнап өскен. Шекер ойын –сауықтың, той-жиынның гүлі болған деседі. Өзі әнші, өзі сұлу Шекерге қызығушылар көп болғанымен жастай атастырып қойған жері болғасын бәрі де іштен тыныпты. Жас нәрестенің алдын кім болжапты, атастырған жері мынғырған бай болса да, күйеу жігіт ынжық боп өскен екен. Ұрын келген күйеудің сырын алған Шекер одан суына береді. Есесіне Теріскейді жайлаған таманың әнші жігіті жас көңілге дерт болып жабысыпты. Жаз жайлауда алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнап көңілі жарасқан екі жас бір байламға келе алмаса керек.

Қыс қыстауы Бұйырғынды құмына қонған Дәбір аулына құда жақтан хабаршы келеді. "Уағдылы мерзім тақады, қызын ұзатар күнін белгілесін" – деген сәлем шағын ауылдың берекесін алады. Дәбір қызына ақыл салады. Көңілі алаң қыз мардымды жауап бермейді.

Екі ұдай болған Дәбір ағайынын жинап той күнін белгілеп, дайындыққа кіріспей ме?

Артынып-тартынып құдалар да жетеді. Ынжық күйеудің жолдастары өшекей жаланған, кілең сен тұр, мен атайынның өзі. Өз тойына құрылған алтыбақанда армансыз ән салған Шекер сұлу өз отауынан шықпай жатып алыпты. "Еркемнің басы ауырып қалды" деген жеңге сөзі күйеу жігіттің көңілін жайландырады. Не керек, таң қараңғысында уағдаласқан Теріскей жігітімен қол ұстасқан Шекер туған аулынан қашып шығады. Соңынан құғын түскенімен жарау атты қашқындар тауға ілінгесін қара үзіп кетеді. Тойдың соңы топаланға айналады. Өкпе, наз жауығуға айналады.

Дәбірдің қос үйір жылқысын құдырып алумен тынбай құда жағы Теріскейге қарулы жасақ аттандырады. Жасанып барған қолға шағын ауыл не қайрат көрсетсін?! Шекердің өзін байлап-матап, сүйген жігіті Бекбергенді соққыға жығып, бар малын алдына салып қайтады. Өз үйінде бұлаң қағып ерке өскен қыз ән мен күйден жарапазанды артық көретін зорлықшыл елге

сіңісе алмайды. Іш құсамен күн өткен сайын үзілген гүлдей сола береді. Баксы-құшнан болып келген сүйген жігітінің даусын естіп ақтық күшін жиып алып, басын көтеріпті. Басын көтеріпті де, ән салшы деп өтініпті. Арып-ашып жүрген жанда кайбір ән болсын көніл көтерер? Сүйген жарының мұң мен зарға, өкініш пен ыстық сағынышка толы тыңдап жатып, Шекер сұлу жарық дүниемен қош айтысыпты.

Манабай, Шыбынтайлармен тай құлындай тебісіп катар өскен Әлшекейді екі жастың қайғысы мен махаббаты, ескілікті жолдын, ата салтының құрбаны болған Шекер карындасының казасы қатты толқытып, жанын тебірентеді.

Әлшекей каза үстінде осы күйді шертіпті. Қоңыр күзде мұнға баткан даланы кезген жалғыз атты, жадау көңілді Бекберген сүйіктісінің көзіндей көріп "Мұңлықтың күйін" ала кетіпті Теріскейіне. Бұл күнде екі жастың өзі жок, көзі де жок. Тек кана кіршіксіз махаббаттың белгісіндей болған жердің аты калды. Олардың қуанышы мен мұнын, өкініші мен арманын күмбірлеткен күй калды [2].

Домбырамен коштасу

Бұл күй Әлшекей творчествосындағы шоқтығы биік шығармалардың бірі. Шоқтығының биік саналатыны: бұл күй өзге күйлеріндей белгілі бір окиға желісінің ізімен шығарылмаған, сөйлесу, ой бөлісу, сыр шертісу түріндегі шығарма. Дәлірек айтқанда, өмірінің соңғы күндерінде өмірдегі және өнердегі серігі - өзінің кара домбырасына арнап шығарған туындысы. Құрманғазының "Итог" күйі сиякты бұл күй де Әлшекейдің өткенге есеп беруі.

Күйдің атының өзі құлаққа бір түрлі мұңды естіледі. Коштасу... Оның үстіне касиетті кара домбырамен коштасу. Ол да болса күйшінің өз домбырасы. Түсіне білген адамға бұдан ауыр, бұдан өкінішті коштасу болмаса керек. Өмірінің мәні - өнеріндегі серігіне көніл толқытқан кайғы-мұңын сыр қылып шертеді. Бұл күйде қуаныштан гөрі сағыныш сезімі басымдау. Ал сағыныш қашан да мұннан құралмак. Бұл - атамекенге деген сарғайған сағыныш. Адам түгілі күн де ұясына батарда атамекенді кимайды деседі. Жаны мұңды Әлшекей атамекенінің мандайдан сипап ескен самал желін, шөбі сүттей, суы балдай шүйгін жерін сағынды. Сарғайған жапырактай курап, үзіліп түскен сағыныш күйшінің шерлі жүрегінен кара домбыраның ішегіне көшеді. Көкейді тескен ащы сырды онан баска кімге айтпак? Көк майсасына аунап, жүріп өткен жолдарының куәсі домбырасы емес пе? Сол сырды пернеде сактауға касиетті домбырадан өзге кімнің құдіреті жетер дейсің?!

Ия, бұл бір домбырамен ғана коштасу емес, домбыра аркылы сыр жеткізіп, туған жермен коштасу [3].

Жас шағында Әбдікадыр Әбдіхалыков Қызылорда радиосында бұл күйді "Токырау" деп ойнаған.

Токырау

Бұл күйді Әлшекей дүниеден кайтарының алдында шығарады. Дәнебектің көзі үйреніп, құлағына сініп калсын деген оймен шер мен өкінішке толы ұзак толғауды бірнеше кайтара тартуынан таусыла, төгіле айткан сөздеріне карап үлкендер жағы күйшінің калың ойда отырғанын байкайды.

"Дәнежан, ұғып ал, үйреніп ал, бұл домбыра казірден бастап сенікі болады. Мұны бұдан былай сен тартатын боласын. Қалір тұтып, кастерлеп ұста, құлыным! Мұны жидеден өзім жасаған едім. Туған жердің көзі ғой", - дейді карт күйші.

"Тында, ағайын! Тында, Каракөз! Тындандар, балаларым! Мен өмірімнің бітіп, кайырылған кемедей токыраганымды домбыра сөзімен айтып отырмын. Мұнда адам өмірінің әр кездегі арпалыстары толғанады, Дәнебекжан, бұл күйді әкеннің соңғы тарткан "Токырау" күйі еді деп тарта жүргейсің,.." - деп көз жұмған екен [9].

Ол кім?

(Ә.Әбдіхалықовтың айтуы бойынша)

Бірде Әлшекей ел аралап жүріп, той болып жаткан ауылға ат басын бұрады. Әнші-күйші, серілер кашанда тойдың сәні болған. Той иесі Әлшекейдің келгеніне куанып, сыбағасын беріп күтеді.

Әдеттегідей ет желініп, шөл басылып, сауыкка кезек келгенде, үй иесі Әлшекейден күй

тартуын өтінеді. Әлшекей де көп сұраттырмай, бірнеше күйдің басын кайтарып, отырған жұртты бір серпілтеді.

Күй шіркін бірде төгіліп, бірде шалқытып, бірде шертіліп, бірінен кейін бірі ағылады. Жиналған жұрт есі кетіп тыңдайды.

Әлден уақытта есіктен сығалап тұрған бір кішкене балаға Әлшекейдің назары ауады. Сол жерде күйін доғарып:

- Есіктен сығалап тұрған кайсысың? Ол кім? - деп сұрайды. – Ұйып тыңдауына карағанда, дәу де болса, бұл баланың бойында өнері болуы керек. Өскен соң үлкен домбырашы болар ма екенсің, кел, қасыма отыр, - деп баланы ішке кіргізіп, төрден орын ұсынады.

Келесі күйін бастамас бұрын Әлшекей:

- Жанағы баланың тасадан сығалап тұрған сәті көз алдымнан кетпей тұр. Саған арнап бір күй тартайын, балакай. Күйдің аты "Ол кім?" болсын, - дейді.

Өзгенің бойындағы талапты байкар қырағылық та Әлшекейдің бір қасиеті. Өзгелер сезінбеген баланың жан сарайын күйші жүрегімен түйсіну де кез-келгеннің қолынан келе бермес. Әлшекейдің осындай қасиеттеріне куә болып, бұрынғыдан бетер сүйсіне түсесіз [3].

Делқораз

Ә.Әбдіхалыков бұл күйді "Тамыраканың би күйі" немесе "Делқораз" деп орындайды. Күйде өзбектің биге жақын әуендері кездеседі. Би әуені ойнақы, жеңіл, ырғақты келеді. Өзбектің әуені қазақтың домбырасына әдемі үйлеседі. Әрине, оны келістіріп ойнай білу де кез келген күйшінің жетістігі емес.

Әлшекей бір сапарында өзбектердің арасында отырып өнер көрсеткен. "Нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра" дегендей, күйшілік өнердің тектілігін өзге ұлт арасында таныту - бұл, сөз жоқ, өз ұлтынды таныту. Себебі өнер - халықтың айнасы. Аталған күйден өзге ұлттың өкілдері қазақтың қара домбырасымен тек қазақ күйлерін ғана емес, басқа ұлттардың әуендерін де ойнауға болатынын мойындап, қошемет көрсеткен [3].

Айшамен алты тартыс

Қазақ күй өнерінде тармақты күйлердің алар орны ерекше.

Алпыс екі тармақты "Ақжелең", "Қосбасар", "Тоғыз тарау - Кертолғау" сияқты күйлер бірін-бірі қайталамай, қайта бір-бірін толықтырып, алдыңғысы соңғысын тереңдетіп, әрлендіріп отыратын жекелеген күйлердің жиыны. Осындай сарындастығы үшін олар тармақты күйлер деп аталған. Төттімбет пен Тоғаннын, Қыздарбек пен Сүгірдің өз "Қосбасарлары" бар. Олардың стильдік ұксастығы болғанымен бірін-бірі қайталамайтын даралығы, әр күйшінің қолтаңбасы айқын аңғарылады. Демек тармақты күйлер де күйшілік өнердің тұрақты дәстүріне айналған. Әлшекей де бұл дәстүрден аттап кетпейді. Оның тармақты күйлерінің катарына "Бөпемен бес тартыс", "Айшамен алты тартыс" күйлерін атауға болады. Күйлердің аты айтып тұрғандай олар күй-айтыс түрінде дүниеге келгенімен өзінің біртұтас мазмұнымен танылады. Бөпе – Әлшекеймен тұстас өмір сүрген Божбан руынан шыққан күйші. Сонынан үрпақ калмады. Күй мұрасы жөнінен де толымды деректер жоқ. "Айшамен алты тартыс" - аты айтып тұрғандай алты күйден тұратын тармақты күй. Бұл күйдің аңызын Манап ақын былайша термелейді:

Бір байдың балғын қызы есімі Айша,
Күйші атанып кең елге атын жайса.
Кім жеңсе сол жігітке ерленеді,
Ал жігіт айып тартар серттен тайса.
Осындай хабарменен іздеп келген
Әлшекей кездеспеген оған жайша.
Бес-бестен күй тартысып жеңісе алмай
"Егес" деген күй туған осылайша.

Әлшекейдің немересі Жидебай ақсақал айтатын "Айшамен алты тартыс" күйінің аңызы тіпті қызық. Қыр мен Сырдың, Ақмешіт пен Түркістан арасын еркін шарлап, күйшіліктің жолында небір майталман өнерпаздармен шаршы топта бақ сынаскан Әлшекейдің кемеліне келген шағы екен. Төңіректе күйші көп, бірақ өзімен теңдесі кем.

Аркада Айша деген күйші қыз бар деген сыбысқа елеңдейтін осы кез. Өнердің желегіне

жігітшіліктің ынтығуы қосылып, Әлшекей Арқаға тартып кетеді. Жолдастыкка туысы Аралбайдың атқосшылыкка жиені, алшын Жаманқұлды ертеді. Шағын топ суыт жүріспен діттеген жеріне жетеді. Қыз әкесі Қанабек шашты Қыпшақтың сөзұстар азаматы екен. Ауылын Үшшоқы, Жетімтау төңірегіндегі табиғаты көрік тіземен қағатын шұрайлы жерге қондырыпты.

Дөңгелене тігілген ақшаңкан киіз үйлердің арасында еңсесі биік сегіз канат ақ орда көз тартыпты. Бұлар тойдың үстінен түскен екен. "Болар істің басына, жаксы келер қасына" - деп конақтарға үлкен құрмет көрсетіледі. Сусын кандырып, дем баскан Әлшекей ауыл ағасына сәлем беріп, ақ ордаға бас сұғыпты. Үй іші кілең каскa мен жайсаң, ығай мен сығай ел жаксылары екен. Отағасын қолпаштаған конактар қызына домбыра тарткызуды өтініпті.

Қолпашка масайраған ақсакал:

- Айша, айналайын, конактарға бір-екі күй тартып бере кой, - десе керек. Сылқым қыз сыпайы иіліп, кербез қозғалып, үкілі домбыраны қолға алыпты дейді. Конактарға ақсакалдай карап Арқаның әсем де сыршыл күйлерін бірінен соң бірін төгілдіріпті. Төттімбет пен Токаның, Дайрабай мен Қыздарбектің күйлері шертіліпті. Күй сазына елтіп, үшар құстай камданып отырған Әлшекей күйші қыз тыныс алған сәтте домбыраға кол созыпты. Әлгінде тыңдаған күйлерін каз-калпында қайталап орындайды. Қонақтың осал еместігін аңдаған қыз өз кезегі келгенде бұрынғыдан да ширығып, шертісі күрделі, орындалуы киын жана сарынға түсіпті. Осылайша үй тола тыңдаушылардың кеу-кеуімен күй айтыс басталып кетіпті. Үйге сыймағандар жабықтан, күй сазына құлак тосыпты. Көшелі күйшілердің дәстүріне басып, әуелі карсыласы шерткен күйді қайталап, соңынан өзі күй шалып Әлшекей мен Айша бес рет домбыра алмасады.

Күйші қыздың өнеріне тәнті болған Әлшекей намыска тырысып оны қалайда женуді ойлайды. Бағаналы бергі соны күйлері конактардың кеу-кеулеген көңілі, отағасының сырбаздығы, күйші қыздың өршіл мінезі мен тәкаппар қылығына, мінсіз сұлулығына дәрітеген еді. Ол күйлер Айшаның орындауында мүлдем түрленіп, сыршыл сарынға ие ұласып жатты.

Енді Әлшекей өзінің онтайлы тәсілі - күй сазын қас кабақтың құбылуы мен қолдың қимыл-нышандарымен сатастырылатын әзілкештігіне басады, қыздың екі көзі ілгері-кейін жүгіріп, перне баскан саусақтардың қимылын жіті кадағалап отырғанын байқаған Әлшекей оның көңілін сан-сакқа жүгіртіпті. Епті саусақтардың өбжіл қимылы қыздың көзін сүріндіріп жанарын жаскапты. Соны күткендей шешен домбыра сайрауын кілт тоқтатады. Тартысты одан әрі жалғастыруға дәті шыдамаған Айша жүзі оттай жанып, жанары жаска толып үйден жылыстай берген екен дейді. Манадан бергі сұрапыл сайыстың немен бітерін тағатсыздана тосып, "Әупірім" деп отырған отағасы:

- Тәйірі-ай, қызымның колын күймен матаған Қоңыраттың Әлшекейі болармысын, - деп күйбең қағыпты.

- Болсақ болармын, отағасы, - дейді күйші. Айшадай өнерпаз тәрбиелеген сізде де арман көп, орта жүзді күймен ұйытқан менде де арман көп, - деп қаумалаған көпті келелі кенеске жетелейді.

Әлшекейлер Қанабек аулында екі күн конақ болады. Екі күн бойы ауыл ағасының ордасында сан тарау өңгіме айтылып, күмбірлеп күй шертіледі. Екі күн бойы Айшаны тағы да бір көрсем-ау деген күйшінің үміті ақталмайды. Қонақтардың емеурінін үккан кария оларды аттандырар алдында сөз бастайды.

- Жас кезімде Қокан бектерінің елге салған ойранынан халық толқығанда елім деп түн катып, ер жастанған жігіттердің соңына көп еріп едім. Сол күндерде Бағаналының бір батырымен тонның ішкі бауындай сыйласып жүрдім. Кейіннен ата конысына көшіп кетті. Аштыкта жеген құйқаның дәмі тоқтыкта ауыздан кетер ме? Әлі күнге катынасымыз үзілген жоқ. Баласының Айшама көңілі ауған екен, осы күзде той жасауға бәтуаластық, - деп бір тоқтаған кария, сөзін одан әрі жалғайды. Жар іздеген жайың бар екен. Әлшекей, қарағым, теңін тап та, тегін бер деген ғой. Әйтсе де досыма берген уәдемді жұта алмай отырмын. Қаласан мына Қаракөзім өнеріне серік бола алмаса да, өміріне серік бола алады, - деп әңгімесін түйіндетіпті.

Қарияның бәтуалы сөзіне ден қойған конақтар риза көңілмен аттаныпты. Елге келген соң жол-жоралғысын жасап, аулының ақсақалдары мен өнерпаз серіктерін ертіп барып, Қаракөзді алып қайтады. Әлшекейге Әлеухан, Мұса, Ұлболсын, Ұлтуған деген ұл-қыз сыйлаған Қаракөз күйші тірлігіне ажар беріп, киын-қыстау күндерде колтығынан демеген, адал жар болған. Күйші ауылы жарына "Періштем-ау", "Сылдырма" сияқты күйлер арнаған [2].

Осы "Періштем-ау" күйі жайында Манап ақын былай өлеңдетеді:

Айқабақ, акша маңдай, сұлу мүсін,
Жүрген қыз талай жанның өртеп ішін.
Аққудай жүзіп жүрген көл бетінде,
Бой жазар достарымен ертеңгісін.
Дейтін жоқ бар екен бір кеміс жері-ау,
Күн дидарлы көркін айт келіскен-ау.
Алма мойын, аршын төс аруға арнап,
Деп тарткан күй атанар "Періштем-ау" [14].

Бұл оқиға 1887 жылдың шамасында болған екен. "Айшамен алты тартыс" күйі классикалық шығармалар сияқты бірін-бірі толықтырып тұрған бөлек туынды деуге болады.

Бұзып тартар

(Ә.Әбдіхалықовтың айтуы бойынша)

Әлшекейдің әкесі Бектібай Бердібаймен екеуі ағайынды жігіттер болған. Аралбай – Бердібайдың баласы, яғни Әлшекейдің немере ағасы болып келеді. Жастықтың қызуы мол кезде екеуі қыз іздеп жолға шығады. Аралбай Әлшекейге бауыр ғана емес, бірге ойнап-күлген үзеңгілес жолдас та болған.

Әлшекей болса, ол кезде салт басты, жүйрік көңіл елден аскан аруды ансап жүрсе керек.

Түркістанда Қотырбұлақ деген жерде Қозыбай деген бай болады. Байдың сол уақытқа дейін тұрмыс құрмаған Айша есімді жалғыз қызы бар екен. Қыздың "Тек мені домбырамен жеңген жігітке ғана тұрмысқа шығамын" деген шарты болса керек.

Бірақ шартты орындап, Айшаны жар қылар жігіт әзірге табылмапты. Шарттан құлақтанған Әлшекей мен Аралбай қызды сынап көрмекке жолға шығыпты.

Бір ауылға кіріп, жөн сұрамакка шеткі үйге бұрылады. Үйдің сырты көзге нашар көрінгенмен, іші көз тұнарлық екен. Қонақтар төрде ілулі тұрған домбыраға көз тоқтатады. Айша өрмек тоқып, шешесі жүн түтіп отырған үстіне: "Ассалаумағалейкум!" - деп екеуі кіріп келеді. Сөйтсе қыз да, шешесі де сәлемдерін алмай, теріс бұрылған күйі орындарынан тұрмай отыра береді.

Қонақтар әрі отырады, бері отырады, үй иелері жолдан шаршап, кеберсіп келген оларға не айран, не сусын бермей, сарандық көрсетіп отыра беріпті. Сонда Аралбай: "Қой, мынаны ойнап, ермек қылып отыршы, ең болмаса күн аусын", - дейді. Бірақ Әлшекей деп атын атамайды. Әлшекейге керегі де сол болатын. Домбыраны қолына алып, "Бұзыптартар" деген күй тартады. Күйді тартып болған кезде қыз орнынан атып тұрып:

- Ақмешітте Әлшекей деген бір жағымсыз күйші бар еді, сол сіз емес пе? - деп сұрайды. Сонда Әлшекей:

- Жоқ, қарағым, біз мал қарап жүрген жылқышылармыз. Әлшекей дегенді танымаймыз. Ол кім өзі? - деп, өтірік айтады. Кемпір аузы ашылып, аң-таң болыпты. Артынша-ақ:

- Әй, қарақтарым, біздің қызымызға наздарың бар екен, пикылдақ-шикылдақтарың бар екен, жоғары шығындар, - деп, өп-сәтте көрпеше төсеп, қымыз дейсіз бе, айран дейсіз бе, небір сусындарды алдарына қойған екен.

Әлшекейдің "Бұзыптартар" күйінің шығу тарихы осындай. Әлшекей осы күймен қызға өзін таныстырған екен. Кейбір деректерде бұл күйді "Егес" деп атайды. Яғни күй қызбен егескен күйшінің табандылығын паш етеді [3].

Толқын (I нұска)

(Ә.Әбдіхалықовтың айтуы бойынша)

Бәйбіше берген күрең шайды ішіп Әлшекей мен Аралбай отыра береді. Біраздан соң Айша шайын ішіп болып, тыска шығып кетеді. Қыздың артынша Әлшекей де ере шығады. Сөйтсе, Айша шалбарланып алып қой сойғалы жатыр екен.

Сол кезде бай да келіп, аттан түседі. Есік алдында байлаулы тұрған Әлшекей мен Аралбайдың аттарына көзі түсіп, ішінен жақтырмай қалады. "Мен кетсем болды, үйдің іші еркекке толады," - деп күбірлеп қызының жанына келеді. Қызы тұрып:

- Әке, айта беретін Әлшекейіңіз келді, конақ қылайық, - дейді.

- Не дейді? - деп әкесі ыршып түседі.

ҚЫЗЫЛОРДА
МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ
КІТАПХАНАСЫ

339-2

- Бүгін түнімен күй тартыс болатын болды ғой. Сен одан жеңілме. Егер жеңіп жатсаң, біз Әлшекейді енді қайтып бұл ауылға келмейтіндей етіп сабаттырып жіберейік, - деп үйіне кіреді. Ал Әлшекей қулығын асырып бұның бәрін сырттан естіп тұрады да, байдан бұрын үйге кіріп кетеді.

Бай кіріп келгенде, Әлшекей мен Аралбай орындарынан ұшып түрегеліп: "Ассалаумағалейкүм!" - деп байға сәлем береді. Бай сәлемді салқын қабылдап, өз орнына барып жатып алады. Бұл, әрине, жақтырмаған кейпі. Қысылғанда сөз тапқыш Аралбай байға қарап:

- Байеке, бала-шаға, мал-жан аман ба? - деп жөн сұрап, сөзге тартады. Бай сол теріс қараған бойы жауап қайтармай жата береді. Аралбайды ыза кернеп:

- Оу, байеке, біз сіз қарамайтындай жай адамдар емеспіз. Ақмешіттің әйгілі Әлшекейі қызыңызбен күй тартысуға алдыңызға келіп отыр, - дейді. Әлшекейге бір қарап қояды. Аралбай топ ішінде сөз бастап, Әлшекейдің абыройын көтеріп жүреді екен. Тағы да сол әдетімен әңгіменің дәмін келтіре бастағанда, бай орнынан тұрып, Әлшекейге:

- Мен Айшаның әкесі болам. Қызымның аты шыққан күйші екенін білесіңдер. Мен де қара жаяу емеспін, аздап күй тартатын өнерім бар. Сен алдымен Айшамен тартыспас бұрын маған арнап бір күй тарт. Күйің маған ұнаса, қызыммен тартысасың, ал ұнамаса, онда ауылыңа жүре бер, - деп ескертеді.

Шарттан шығар Әлшекей ме? Қолына домбырасын алып, бір күйді шертеді. Күй ойналып болған кезде бай тұрып:

- Бұл күйің менің көңілімнен шықты. Аты "Толқын" болсын, деген екен. Өнерімен байды тізе бүктірген Әлшекей де оны құптап:

- Мақұл, байеке, айтқаныңыз болсын, - дейді.

Осылайша Әлшекейдің тағы бір күйі дүниеге келіпті [3].

Толқын (II нұсқа)

Көшпелі өмірдің өз қыры өзінде бүйығы тұнықтығын бұзған Қазан төңкерісі рушыл қазаққа өсіресе қызыл белсенділік пен саясатшылық ала келеді. Кешегі бай мен бағылан бүгін қанаушы тапқа айналып, қызметшілер қанаушы болып шыға келеді. Ол екеуінің ара жігін ажыратудың қиындығы сонша, кешегі жалшы, бүгінгі шолақ белсенді ертең "аткамінер" болып жауапқа тартылып жатты. 1926 жылы ел іші саяси топтарға бөлініп, бай, би, болыс, аткамінерлер сайлау еркінен айрылып, "каратізбеге" ілінді. Бұл тізімді олардың туған туыстары одан әрі толықтырып отырды. Оларды ұйымдастыру кезінде барынша окшаулап, "жеке түр" етіп қоғамнан бөлектеді. Орта дәулетті Әлшекей осының бәрін басынан өткерген еді. Аталас ағайындары Түрсынбайдың Жәнібегі, Күнікеннің Тұңғышбайы, Аралбайдың Жантөресі мал мүлкі көмпескеленіп, Оралға жер аударылды. Бұл жағдай күйші әулетін де айналып өткен жоқ. Науқан салық саясаты, бар малын сыпырып алған Әлшекей ұрпағының ішіндегі көзі ашық, еті тірі Ерсұлтанның Иматайының аудан жағалап әділдік іздеген талабы таска соғылып, бүкіл әулетімен бас сауғалауға мәжбүр болды. Елді безер қылған аудандық партия комитетінің хатшысы Қилыбай Көсеубаевтың қаһарынан қашқан Иматай кіре тартып, көзі таныған Өзбекстан жеріне бар ағайынын ертіп бір түнде ауа көшеді. Желкайықпен дариядан өткен күйші туған жерін қимай, кәрі қойдың жасындай өмірі қалғанда сүргінге түскен елдің тағдырына қиналып, лайқып аққан сырдың суына телміріп ұзақ қарап тұрды, - дейді көз көргендер. Дарияның көнілінің толкынынан ұласып, ел мен жерге деген қимас сағынышы қайғы мен касіретке айналып, шөкімдей болған кара шал ат үстінде теңселіп бара жатты, - дейді кейінгілер. Рас та болар, бүкіл шығармашылығының бигі һәм терені деп бағалайтындай "Толқын" күйі Сырдария мен Вахыш өзендерінің арасында толкындай тоғыскан таукыметті кезеңде дүниеге келіпті.

"Толқын" Әлшекейдің акку әні еді. Өмірінің үзілер сәтінде де осы күйді тыңдап жатып үзілген екен, жарықтық [2].

Халық ақыны М.Көкенов "Толқын" күйінің шығу тарихына байланысты төмендегідей толкытады:

Тұрғанда сұлу Сырдың жағасында,
Намаздыгер, намазшам арасында.
Самал жел, саф ауасы, су сылдыры,
Өнерге шабыт берер нанатынға.

Толқын ойнап түскенде сабасына,
Ерекше әсер алмай қаласың ба.
Өмір де Сыр толқыны секілді-ау деп,
"Толқын" күйін шертіпті баба соңда [14].

Толқын (III нұсқа)

Ел аузындағы анызға қарағанда, ертеде Бабажан деген әулие кісі болыпты-мыс. Оның әулиелігі соншалық, - терендігі он-он бес құлаш келетін дария суы оның тобығынан да келмейді екен дейді. "Сырдың суы сыйрағынан келмейді" деген сөз содан шыкса керек. Күндердің бір күнінде Хорасандағы ата-бабаларына зиярат жасап келе жатқан Бабажанның дарияны шалшық судай шалпылдатып кешіп келе жатқанын тоғайда мал қарап жүрген біреу көріп қалса керек. Сонда оның қасынан өте бере, Бабажан:

"Көрдім десең – көзің шыксын, көрдім десең – көзің шыксын..." - деп үш қайтара айтады да, өз жөніне кете беріпті. Табан астында сасып қалған өлгі адам айтпаймын деуге үлгірместен, о кісіден көз жазып қалады. Содан үш жылдан соң барып, олар бір-бірімен ойда жокта тағы ұшырасады. Бұл жолы Бабажан ол адамға: "Енді айта беруіне болады, бәрібір үш жыл өткен өңгімеге ешкім де сенбейді", - дейді.

Ел аузындағы мұндай өңгіме жатсын ба, елден-елге тарап бір кездері Әлшекейдің де құлағына шалынады. Бұл жәйт күйшіні қатты толғандырады. Сырдарияны бұрындары талай-талай көріп, суына шомылып жүргеніне қарамай, тағы бір көрмек боп атына конады. Сыр жағасына келген соң атынан түсіп, иірім атып, көбік шашып жатқан дария ағысын тамашалап ұзақ тұрады. Бабажан жайындағы аңызды есіне алып, көк жиденің көленкесінде ұзақ отырады, ойланады, толғанады. Ақыры: "Бабажан жөніндегі аңыз адамзаттың ойланған максатына жету күрескерлігіне тоскауыл, кедергі болатын ешкандай да күш жоктығын, ерік-күштің жойқындығын көрсету киялынан туған ертегі екен-ау", - деп қорытады. Шынында да, кей жылдары дария катты тасып, екі жағасын су селі басып кетеді. Ауыл-аймакка кауіп төнеді. Бірақ адамзаттың ақылы мен ұйымшыл еңбегі "тілсіз жаудың" кауіп-катерін қажырлылыклен жеңіп шығады. "Бабажан жөніндегі хикая осы ойды мензеуден шыккан екен ғой", - дейді ішінен. Тағы бір ойы: "Дарияның бірде тасып, бірде сабасына түсіп жататыны сиякты адам өмірі де аумалы-төкпелі, бірде ішін, бірде сыртын береді. Ендеше, Бабажан да кезінде алға қойған арманына жету үшін тоскауылдан тосылмаған азамат болған екен-ау", - деп түйеді. Сөйтіп, дария жағасында ойға шомып отырып "Толқын" атты күйін шығарады [9].

Тоқтаған

(Ә.Әбдіхалықовтың айтуы бойынша)

Манап Көкеновтың Әлшекей жайлы бір өлеңінде: "Бес күйді тартысып жеңісе алмай, соңында "Егес" күйін тартып, Әлшекей жеңген екен", - деп айтылатын жері бар. Сол осы "Тоқтаған" күйі болуы керек.

Өйткені Ә.Әбдіхалықов бұл күйді "Қыз тоқтаған" деген атпен нақышына келтіріп орындайды. Яғни, күйдің аты айтып тұрғандай, қыздың токтап қалып, Әлшекейге жауап қайтара алмай жеңілгенін мойындағаны.

Бұл күйде Әлшекей орындау шеберлігінің сан қырлы ерекшеліктерін көрсеткен. Күй Арқаның Айшасымен тартыс үстінде дүниеге келген. Айша да осал күйші болмаған. Тарту шеберлігі Әлшекейден бірде кем түспей, орындаған күйлерін өзіне дәлме-дәл қайталап беріп отырған. Бір күйді Әлшекей "бармағын" шығарып ойнайды. Күйдің сонғы қағысын қакпай, оң колының сұқ саусағын домбыраның дыбыс шығатын ойығына тығып бітірген. Дәл осы күйді қайталауға келгенде Айша іркіліп, токтап қалған екен. Себебі шариғаттың заңы бойынша қыз бала саусағын шығармайды. Айша сол себепті күйді қайталамаған.

Әлшекей осылайша тапқырлық танытады да, Айша "шеше көрген" өнегелі тәрбиесіне көпшілікті куә қылады. "Тоқтаған" күйінен Айшаның Әлшекейден жеңілгеніне көзіміз жетеді. Бірақ бұл жерде жеңу-жеңілуден бұрын "Қыз өсірмей, құс өсірген" казақ халқының ізетті тәрбиесіне сүйсініп, ризашылық білдіресіз.

1970 жылы Манап Көкенов бастаған Сыр бойының бір топ өнерпаздары Қызылорда қаласына концерт беруге келеді. Осы топта бірге Әлшекей күйлерін халыкка насихаттаушы ретінде күйші Ә.Әбдіхалықов та болады. Ол уақытта барша халық коммунистік идеологияның

шырмауында болып, Кеңес өкіметінің дүркіреп тұрған кезі-тін. "Тоқтаған" күйін Әбдікадыр енді орындайын деп тұрғанда, М.Көкенов келіп:

- Сен бұл күйді бармағыңды шығарып ойнама. Партияның саясаты билеп тұрғанда, жазықсыз құғындалып кетерміз, - деп күйді орындатпайды. Шынында да, біреудің тапқырлығын, ойнау шеберлігін дәл сол саясаттың кезінде кім түсінді дейсіз? Түсінсе де, бұқпантайлап ауыз ашпағандар қаншама? Күйдің атынан заты көрінетін сол тұсты да (бармағын шығару) "үкіметке қол шошайту" деп жала жаппасына кім кепіл?!.

Бұл күй орындалу ерекшелігіне орай қазақтың "дөрекі" күйлер қатарына жатады [3].

Әйтсе де халық арасында осы күйдің анызына байланысты түрлі әңгімелер бар. Бұл күйді Әлшекей атамыз Түркістанның базарында шығарған деген жорамал айтылады. Осыған байланысты М.Көкенов былай өлеңдетеді:

Жәрменке Түркістанның базарында,
Өнерлі жан түскен ел назарына.
Соның бірі Әлшекей Қоңыраттан,
Мақтаулы көп күйші өткен қазағымда.
Толған кезде халыққа базары кең,
Тартысып күйшінің бір тарланымен.
Қарсыластың қолымен тарткан күйін,
Әлшекей қайталапты аяғымен.
Жүйрікті мынау нағыз ақ табан деп,
Өнерді бағалапты топтанған көп.
Сол жерде мойындатып қарсыласын,
Күйіне ат қойыпты "Тоқтаған" деп [14].

Күйлердің нотолары

Теріскақпай

Орташа екпінде, ойнақы

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов






3
3
3


rit.
ff

Толқын

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов

Орташа, байсалды




f




p
ff

Домбырамен қоштасу

Орташа, байсалды

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов




f
p


f
p
mp

Ақсақ тоқты

Шапшаң, мазасыздана

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов










mp
7/8
2/4
f

Бұзып тартар

Орташа, әзілмен

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов



❋ Бұл жерде сол қолдың бірінші саусағымен шамамен көрсетілген дыбыстар аралығында домбыра мойнында төмен-жоғары сырғытып (глиссандо) ойнау керек. Оң қолдың сұқ саусағы жалғыз ішекте біркелкі сегіздік қағыстармен үзбей қағылып отырады.


f
mp
mf


mp

Айрауықтың ащысы-ай

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов

Асықпай




f
f
p


p

Қыз тоқтаған

Орташа

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов





❋ Осы жерден бастап сол қолының бармағын шығарып ойнайды.



❁ Домбыраның ойығына сұқ саусағын тығып аяқтайды.

Делқораз

Ойнақы, ұстамды

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов









Ол кім?

Ұстамды

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов






3
3
3
3
3

Шерлі

Тездеу

Орындаған: Ә.Әбдіхалықов









Акку кеткен

Өте жылдам

Орындаган: Т.Дүйсебеков








rit.

Шерлі

Тез

Орындаған: Т.Дүйсебеков








3
3
3


3
rit.

Бұзып тартар

Тез

Орындаған: Т.Дүйсебеков





❁ Осы дыбыстар ауқымында еркін импровизация жүреді.



❁ Бұл жерде де еркін импровизацияда глиссандо әдісін пайдаланады.

Толқын

Орындаған: Т.Дүйсебеков

Тез











Жаяу кербез

Орындаған: Т.Дүйсебеков

Асықпай













Кәуһарат Құрбан ата мешітінің ашылуында.
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы. 1996 жыл, сәуір айы.

(1847-1932)

Әлшекейдің суреті.
Б.Нұржановтың "Әлшекей" кітабынан.
Қызылорда, 2002 ж. 10 бет.

Әлшекейдің бюсті.
Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық мұражайында. 2003 жыл, қаңтар айы.

Әлшекейдің баласы – Дәнебек (1893–1969) әйелімен. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Түгіскен кеңшары. 2003 жыл, қаңтар айы.

Әлшекейдің немересі Жидебай Дәнебеков. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Түгіскен кеңшары. 2003 жыл, қаңтар айы.

Әлшекейдің шәкірті, дәстүрлі күйші - Әбдіқадыр Әбдіхалықов. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Өзгент кеңшары. 1996 жыл, қаңтар айы.

Әлшекей күйлерін орындаушы, дәстүрлі домбырашы, сазгер Тыныбек Дүйсебеков. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы. 1996 жыл, сәуір айы.

Сүгір Әлиұлының кесенесі.
Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы.
2004 жыл, тамыз айы.

"Құрбан ата тағылымы" кітабының авторы, өнер зерттеушісі – Тұрсынов Әзірет әлі Маханұлы (оң жақта).
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.
1996 жыл, сәуір айы.

Әлшекей мұрасын зерттеуші – Қазақстанның халық ақыны Манап Көкенов мұражайында.
Манап ақынның "батасын алған" облыстағы белгілі айтыскер ақын
Жұмабай Шерниязов (оң жақта).
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.
2003 жыл, қаңтар айы.

Әлшекей атындағы аудандық өнер мектебінің директоры – әнші-сазгер Әбдірейім Өміров (оң жақта).
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы. 2003 жыл, қаңтар айы.

Бір шегесіз темірден өрілген Әлшекейдің өзі жасаған аттың шідері.
Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық мұражайында. 2003 жыл, қаңтар айы.

Әбдіқадыр Әбдіхалықов "өкіл баласы" Еркін Нұрымбетовке Әлшекей күйлерін үйретуде.
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Өзгент кенішары.
1996 жыл, сәуір айы.

Отарба

Орындаған: Т.Дүйсебеков
Нотаға түсірген: Б.Ысқақов

Тез, зулата








f

Шертпе






3
4
2
4
3
3
p

Сауда бұзар

Орташа

Орындаған: Ж.Дәнебеков






3
mp

Нар соққан

Орындаған: Ж.Дәнебеков




f




3
3/4
2/4
3
3/4
2/4
3/4
2/4
V
f

Мұңлықтың күйі

Жылдам

Орындаған: Ж.Дәнебеков






3
p


3


f

Сыбызғының күйі

Орындаған: Ж.Дәнебеков




mp
f
mp


p

Бұқтым-бұқтым

Орташа

Орындаған: Ж.Дәнебеков






3
3
3
mp

Жіп жүгірту

Орындаған: А.Жаманқұлов






f

Желдірме

Жылдам

Орындаған: А.Жаманқұлов




3/4
2/4
f

Ақжелең

Орташа, ұстамды

Орындаған: А.Жаманқұлов




f


3
3
3
3
3
3
3
3
3
3
3
3
3
3
mf

Әлшекейдің желдірмесі

Орындаған: З.Мұсабаев

Орташа






3
mp

Тоқтаған

Жеңіл

Орындаған: Қ.Тасбергенов




6/8
4/8
f
6/8
4/8




mf

Жайлау

Орташа, байсалды

Ә.Әбдіхалықов






rit.
mp

Жайлауда

Т.Дүйсебеков

Шапшаң




f
p




mf

Өрлеу

Жылдам

Т.Дүйсебеков








f

Сылқым

З.Мұсабаев




f
mf

Тарту

(Әлшекейше тарту, арнау...)

Е.Нұрымбетов




3
3
f
3
3
3
sf pp
pp
f


3
p
3
p
f
pp
3
ff


3
p
p
3
pp
3
rit.
sf

Әбдіқадыр Әбдіхалықовтың орындау нұсқасы бойынша оркестрге өңдеп түсірген Е.Нұрымбетов

Терiскақпай

Халық аспаптары оркестріне арналған партитура


Allegretto ♩= 120
Прима
Секунда
Шертер
Тенор
Бас
Контрабас
Флейта
Гобой
Сырнай 1
Сырнай 2
Тарелка
Бубен
Дауылпаз
Токылдак
Дауылпаз
cresc.
pp
3
cresc.
Прима 1
Прима 2
Альт
Бас
Контрабас


1
sf
3


mf
mf
3
3
3
pizz.
mf
pizz.
arco
arco




pizz.






mf
mf
mf
mp
pizz.


4
3




5
y
tr
p
p
p
arco
arco


3
3
f
p
p
p
pizz.


8va
p


6




7






8
Тарелка
arco






Бубен




8va
pizz.


10
(8va)
p
f






11




arco


ff
Бубен

ӘЛШЕКЕЙ КҮЙЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақтың домбыра күйлерін шартты түрде "төкпе" және "шертпе" деп екі топқа бөлетін болсақ, Әлшекейдің күйлерін осы екі топқа да жатқыза аламыз.

Әлшекейдің өсіп өнген жері – Қаратаудың күнгейі мен теріскейі, Ақмешіт, Түркістан аралығы. Күйші творчествосында осы жерлерге арналып шығарылған күйлер бар.

Біз жинағымызда Әлшекейдің көп күйлерін Әбдікадырдың орындау варианты бойынша карастырамыз. Бұл күйлер төкпе дәстүрінде шығарылған, сонымен катар "көне аңыз" күйлері және "шертпе" дәстүріндегілер. Бір композитордың шығармашылығында мұндай стильдің көптігі сирек кездеседі. Әйтсе де, осыны ең алғаш Сүгірдің күйлерінен байкаған елік.

Қаратау өнірі "төкпе" және "шертпе" дәстүрлерінің шекарасы болып табылады.

Әлшекейдің оң бұрауда жүретін күйлерін негізінен 2 топка топтастыруға болады:

I топ – дәстүрлі Батыс Қазақстан домбырашылық мектебіндегі сияқты "ре-ля" пернесінде, "си *Б*" белгісімен минорлық ауытку түрінде көрсетілген. Оған жататын үш күйі бар: "Жаяу кербез", "Ақ желең", "Бұқтым-бұқтым".

Бұл күйлер Батыс Қазақстанның домбырашылық дәстүрінде кездесетін белгілі бір жанрларға жатады. Мысалы, Дәулеткерей творчествосындағы қыз-келіншектер образына арналған "Құдаша", "Жеңгем сүйер", т.б. күйлері сияқты Әлшекейдің "Жаяу кербез" күйі осындай жанрда шыккан.

Сол сияқты Әлшекейдің "Ақжелең" - Ақжелең жанрында шығарылған. Бұл шертпе күйлердегі "Қосбасар", "Қоңыр" т.б. іспеттес жанрлық күйлер. Әлшекейдің "Бұқтым-бұқтым" күйі "дауыс көркемдеу" дәстүрінде шығарылған. Осы үш күй де құрылысы жағынан дәстүрлі аталған формаларда жазылған.

II топ – "ре-ля" пернесінде басылып, "си ", "фа # " белгісімен ойналатын күйлер. Олар: "Теріскақпай", "Шерлі", "Толқын", "Ол кім?", "Токтаған", "Домбырамен коштасу", "Отарба", "Мұңлықтың күйі", "Нар соккан", "Сауда бұзар", "Желдірме".

Осы күйлер Әлшекейдің стилін, шығармаларының композициялық ерекшелігін көрсетеді. Құрылысы жағынан Жетісу күйлеріне үксайды.

Көп күйлерінде бас буын дамытылған, үстінгі ішекте "фа # " кездеседі. ("Токтаған", "Теріскақпай", "Толқын", "Шерлі", "Домбырамен коштасу", "Отарба").

Негізгі буынның аукымы (диапазоны) "ля" – дан сағаның "ля^{1}" – сына дейін кете береді.

Орта буында 3 түрлі пернеге келіп түрып алады. I –сі "ре^{1}" пернесінде үстінгі ішекте ойналады ("Теріскақпай", "Сауда бұзар", "Домбырамен коштасу").

Күйдің осы буынын негізгі тақырыптың "Ладтық тірегі" және "орта буыны" деп карастырамыз ("Теріскақпай", "Токтаған", "Ол кім?", "Айрауықтың ашысы - ай", "Домбырамен коштасу", "Жіп жүгірту").

Кейбір күйлерде осы буын сағадан кейін келеді.

III – сі "фа#^{1}" – пернесінде түруы. ("Шерлі", "Толқын", "Отарба", "Мұңлықтың күйі").

Бұл буын жоғарыда айтылған "ре-ре^{1}" ладтық тірегі сияқты "тақырыпты" және "орта буын" қызметін аткарады.

Саға деген кей күйлерінде кездеседі, ал кейде мүлдем жок. Мысалы, сағасы бар күйлер: "Теріскақпай", "Толқын", "Шерлі", "Ол кім?", "Домбырамен коштасу", "Нар соккан", "Айрауықтың ашысы - ай".

Осы аталған күйлер Әлшекейдің стилін көрсетеді және оларды біз Жетісу күйлерімен салыстыра отырып, "төкпе" мен "шертпе" араласкан дәстүр Әлшекейдің творчествосында да көрініс тапкан деп айта аламыз. Бұл дәстүр Жетісу өнірінде "төкпе" мен "аңыз күйлер" қосындысы болып шығып, Әлшекей мен Сүгірдің творчестволарында өз жалғасын тапты.

Жоғарыда айтылған топтардың еш қайсысына кірмейтін "Бұзып тартар" деген күй құрылысы және орындаушылық жағынан өте ерекше. Күй "шертпе" дәстүріне жақын, күй барысында сол колда глиссандо әдісі көп колданылады. Бұл күйді Әлшекей Аркаға барған сапарында Айша күйші мен шешесіне арнаған. Біреу мыскылдап күліп жатырған секілді.

Атының өзі айтып тұрғандай қарапайым күйлерден өзгешеленіп, бұзып тартылады.

Қаратау өнірі бізге "шертпе" дәстүрімен белгілі. Сол дәстүрде Әлшекей "Шертпе" деген күй шығарған. Сүгірдің Қаратау шертпелері секілді әуені жағынан да сол күйлерге ұқсайды. Бәлкім, Әлшекейдің осы күйін алуынды күйші, импровизатор Сүгір Әлиұлы негізге алып, әрі қарай дамытып, үлкен бір цикл – күйлерге жеткізген шығар (Сүгірдің "Қаратау шертпелері" циклі). Әлшекейдің бұл дәстүрде шығарған жалғыз осы күйі ғана біздің қолымызда бар.

Тағы бір дәстүр, ол "теріс бұрауда" жүретін күйлер. Әлшекейдің бұл бұрауда шығарған төрт күйін таптық. Аттары айтып тұрғандай "Аққу кеткен", "Ақсақ токты", "Сыбызғының күйі", "Делқораз" – бұлар өте көне күйлер.

Алғашқы тақырып "до^{1}" пернесінде, содан кейін, "соль^{1}"-ға, кейін "до^{2}" – ға дейін жетеді.

Тынысбек Дүйсебеков "Аққу кеткен" күйін орындағанда глиссандоны көп қолданып, екпінін өте жылдам ойнайды. Ал Әбдікадыр Әбдіхалықов орындаған "Ақсақ токты" өте сабырлы, орташа екпінде жүреді.

Жидебай Дәнебеков орындаған "Сыбызғының күйі" және Әбдікадырдың орындауындағы "Делқораз" күйлерінде бидің әуені кездеседі [3].

Әлшекей бабамыз аскан күйшілігімен қоса ат құлағында ойнаған шабандоз, палуан және ұста да болған. Қазақтың "сегіз қырлы, бір сырлы" деген теңеуіне келеді. Өз қолымен жасаған аттың шідері аудандық мұражайда әлі күнге дейін сақталған (суретті қараңыз).

Ол кісінің домбырасы да ерекше болған. Немересі Жидебай ақсақал: "Әкеміздің домбырасының тоғыз-он ғана пернесі болатын. Сол пернеден неше түрлі сазды, әсем дыбыстарды домбыра бетіндегі қақпаққа тигізбей, дыбысты анық шығарып ойнайтыны әлі есімде," - десе, бір сөздің ретінде Күлжан (Жидебайдың жолдасы) анамыз да құптап: «Атамыздың домбырада ойнаған күйлері көкірегімізде жатталып қалғандығы соншалықты, әлі күнге дейін құлағымыздан кетпейді,» - деп қойды [9].

Әлшекей күйлерінде кездесетін қобыз, сыбызғы сарындары бар. Домбыра мен қос аспапты жете меңгерген күйші нағашы атасы Рүстемнің зор ықпалының аркасында домбыра күйлерінде бурдондық әдістер қолданады.

Әлшекейдің бойындағы күйшілік дарынының үшталуына сыбызғышы нағашысы Рүстемнің ықпалы айырықша болған. Сыбызғы тартудан Сыр бойына даңқы жайылған Рүстем өз бойындағы асыл мұраны өкше басар жиеніне жұғысты етуді мақсат етіп, Әлшекейге сыбызғы тартудың сырын үйретеді. Нағашысының бұл ниеті ізсіз қалмаған. Сыбызғы күйлерін жақсы меңгерген Әлшекей кейін бірыңғай домбыра тартып, өз жанынан күй шығаруға ойысканда сыбызғының сазды толғауларын өз шығармаларында ұрымтал пайдаланып отырған [1].

Әлшекейді жастайынан бастап сыбызғы, қобызға баулып жүрген де осы нағашы атасы Рүстем еді. Сол кездің өзінде жиен баласының болашағын болжаған ол Әлшекейдің саусақтары салалы, молтық емес, әрі өзі икемді, қобыздан гөрі домбыраға келеді-ау деп ойлаған. Бір күні Рүстем карт Әлшекейдің ықыласының біржолата домбыраға ауғандығын байқайды. Әуелде қобызға үйреткен күйлерін тәп-тәуір етіп домбырада ойнағанда көңілі көдімгідей маркайып қалады.

Көнекөз қариялардың айтуларына қарағанда, әкесі Бектібай баласын ән, күйлерді шебер дәрежеде орындауға үйреткен еңбегі үшін Рүстемге атан өгіз сыйлаған екен [9].

КҮЙШІ ӨНЕРІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫЛАР МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕР

Әлшекейдің ізбасар шәкірттері және оның күй мұрасының бүгінгі күнге жетуі туралы әңгіме болғанда Бөпе күйшіге соқпай кетуге болмайды.

Бөпе Өтешұлы 1860 жылдардың шамасында туып, Ұлы Отан соғысы алдында қайтыс болған. Туған жері - Қаратаудың Ақсүмбеге таяу Ақмылтық деген жері. Қайтыс болып, жамбасы жерге тиген жері де ата қонысына таяу. Ауыз екі шежіре бойынша оның тегі қалың Божбан руының Құлым атасынан Ақназар-Жиенбай-Қараторғай-Найманбай болып келеді. Осы Найманбайдың Өтешінен Нұрасар, Нұрым, Шөже, Бөпе деген төрт ұл туады. Бөпенің әйелі Зейнеп Киікші руының қызы еді, жетпісінші жылдары қайтыс болды. Олардың жалғыз ұлы жастай өлген. Қазір ұрпағы жоқ. Ал, Бөпемен бір туыскан ағайынды үш шалдың ұрпағы бұл күнде Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай ауданында тұрады.

- Бөпе атамыз бөкене бойлы, домаланған, сүйегі шағын кісі еді. Кішкене ғана шоқша сақалы болатын. Өмірі ашуланғанын көрген емеспін, қашан көрсең де көңілді жүретін. Өзінің қатарлары: "Жарықтық Бөпе десе бөпе ғой" деп отыратын, - дейді. Бөпенің жамағайыны - Сүттіқұдық ауылында тұратын Мақұлбек ақсақал. Маханның өзі бұл күнде 87 жаста.

Бөпе - Әлшекей мектебінің ең үздік шәкірті ғана емес, осы күйшілік дәстүрдің мықты өкілі. Кезінде оның Әлшекеймен қайым тартыска түскенінің өзі мол сырды аңғарткандай. Осы күй айтысынан туған Әлекеңнің "Бөпемен бес тартыс" күйінің аңызынан өзге қолға ештене ілінбей тұрғаны өкінішті. Бөпе күйші күйлерінің өзі бір шоғыр [2]. Бұл деректе Бөпе Әлшекейдің шәкірті делінсе, Б.Нұржановтың жинағында Бөпе - Әлшекейге батасын берген ұстазы деп келтіріліп, төмендегідей суреттелген: Төттімбет пен Аққыз күйлерінің көпшілігін тарта білетін Қоңырат руының Божбан аталығынан шыққан Сыр өңірінің әйгілі жыршы, күйшісі өнерпаз Бөпенің даңқын естіп жүрген Әлшекей бір күні арнайы іздеп Шиелі базарына келеді. Базар іші лық толған халық, бәрі де мүлгіп, сілтідей тынып қалған. Анда-санда «О, пәлі» деген дауыстар шығады. Жақындап қараса күйді құйындатып тартып отырған Бөпенің өзі екен. Бір күйден соң, екінші күйге ауысып, төгілтіп отыр. Алдымен әр күйдің шығу тарихын айтып, сонан-соң «Міне, осылай болған екен» - деп қайтып орындап отырады. Күйшінің домбыра қағысын, пернеде ойнап жүрген саусақтарын жіті бақылап, күй тарихын аса зейін қойып тыңдап отырған Әлшекейге Бөпенің көзі түсіп, назары ауады. Сәлден соң Әлшекейдің шамасын байқамақ боп, оған домбырасын ұсынады. Домбыраны қолына алған Әлшекей әдепкіде домбыраның ішегін бас бармағымен шертіп-шертіп, олай-бұлай тыңқылдатып көреді де, бір кезде салалы саусақтарымен қағып, күңірентіп ала жөнеледі, Сөйтіп, ол ә дегеннен-ақ Бөпенің ең соңғы тарткан күйін өз әуенімен бұлжытпай орындап береді. «Ау, мынауыңның аяқ алысы қалай-қалай», - дейді де Бөпе баска бір күйді тартады. Әлшекей оны да күйқылжыта орындайды. Осылай бірнеше күй тартылады. Әлшекейдің есту, қабылдау сезімінің аса күштілігіне тәнті болған Бөпе өз күйлерін орындауын өтінеді. Күйшінің тілегіне орай ол өзі шығарған «Тайшұбар», «Айрауықтың ашысы», «Бозінген» күйлерін орындайды. Бөпе күйші жас домбырашының көкірегінен ақтарыла төгіліп жаткан мына сиқырлы сазға аңтарылған күйі отыра береді де, сонан бір уақытта барып басын көтеріп, жан-жағына көз салады. Әлгінде ғана мұның тарткан күйлеріне ұйып, сілтідей тынып отырған көпшіліктің енді жас күйшіге сүйсіне, қарап қалғанын көреді.

"Бақ тауып та қонады, ауып та қонады" деген осы да. "Бақ менен ауып, мына балаға қонғалы тұр екен. Қонса қонсын. Мен болсам, асарымды асадым, жасарымды жасаған адаммын ғой", - дейді Бөпе іштей.

Тыңдаушы жұрт күйге ұйып қалғандығы сонша, Әлшекей күйін аяқтап, домбырасын тізесінің үстіне қоя салғанда ғана күй сазына беріліп отырған жұрт еңселерін көтеріп, ризашылығын білдірген екен.

Бөпе домбырашының Әлшекейге деген ризашылығы соншалық, шаршы топтың ортасында арқасынан қағып, оған тоқтағанын мойындап:

- Шырағым, Әлшекей, өнерің өрге баскалы тұр екен. Осы жаска келгенше Қыр мен

Сырды аралап жүріп сен сияқты дарынды жасты бірінші кездестіруім, - деп ақыл-кенесін айтып, батасын берген екен [9].

Өкінішке орай, Бөпенің де, Әлшекейдің оған арнаған "Бөпемен бес тартыс" күйлерінің де ешкайсысы бізге жетпеген.

Әлшекей төңірегіндегі Бөпе, Мұстафа, Мұсабай, Бекмырза, Айсын, Нұрыш, Жаманқұл, Ақбота күйшілердің әркайсысының күйшінің өмірі мен шығармашылығында өз орны бар екендігі даусыз. Мысалы, Әлшекейдің Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқамен кездесулерінде қасында Бөпенің болуы, Сүгір Әлиұлының Әлшекейден бата аларында Бекмырза күйшімен өнер жарыстыратындығы жеке әңгімелерге арқау боларлық оқиғалар.

Осы Бөпе күйші қайтыс болғанда оны ақыреттік сапарға шығарып салушылардың арасында Өткелбайдың Ибашы да болған еді. Бөпенің шәбере туысы Ибаш 1908 жылы туған, Ұлы Отан соғысынан жаралы болып қайтып, Тақыркөл ұжымшарында қой бағады. 1958 жылы Нуредин Рахманбердиев екеуі бірдей Ленин орденімен марапатталады. Денсаулығына байланысты мал бағудан босайды. 1960 жылы қайтыс болды. Соңында екі ұл, бір қызы қалды. Бұрынғы өткен дәулескер күйшілер арасында қызды-қыздымен мәсісін шешіп тастап, аяғының башпайларымен күй тарту сирек ұшырасатын өнер. Төттімбеттен соң бұл тәсілді қолданған Әлшекей күйші. Перне баскан, домбыра шерткен саусақтарды мың құбылтып, сол қимыл-қозғалыстар мен кас-кабақ құбылыстарын шебер жымдастыра отырып, аяғымен де домбыра шерткен өнерпазды көз алдыңызға елестетіп көрінізші! Ондай әмбебаптыққа бойды балқытып, сезімді қытықтап, ойлы мұңға жетелеген әсем сазды қосыңыз! Міне, Әлшекейдің шығармашылық болмысы осы.

Осы болмысты шашау шығармай таза сақтай білген Әлшекей шәкірттерінің бірі де бірегейі осы Бөпе күйші еді. Ол тартқан жетпіске тарта күйден Өткелбайдың Ибашы арқылы Дүйсебектің Тынысбегінің орындауында бүгінге жеткені жеті күй екен.

"Ауылдағы Қызыл Отаудың меңгерушісі Қоңқабайдың Есіркебі 1952 жылдың көктемінде мені колымнан жетектеп, Ибашқа ертіп әкелді — дейді Тынысбек. — Сенің қабілетің жақсы, күйді бір тыңдағаннан қағып аласың, осы көкеннің тарткан күйлерін үйреніп кал" - деген еді. Оның көп күйлерінен үйренгенім осы. Тынысбектің орындауындағы күйлерінен бірге колданылатын қимыл-қозғалыстар жібек арқанның үзігіндей ғана.

Әлшекей шәкірттерінің бірі Бекмырза күйші. Қараша Бекмырза әкелерінің күйшімен жекжаттық барыс-келіс, алыс-берісі болған. Олар нәубет жылдары Өзбекстан жерінде тағдыр талкысын бірге көреді. Оның туыстары Әбшен, Әбдіхалықтың өздері молда болғанмен, балалары өнер жолын куды. Әбдіхалықтың Әбдікадыры Әлшекейдің Кенжетайымен осы Бекмырзадан күй үйренген. Кенжетай солақай екен, Әбдікадырдың солакайлығы ұстазынан ауыскан. Оның орындауындағы күйлерде күйшінің өзіндік колтанбасы барынша таза сақталуы осындай сабақтастықтан деп пайымдаймыз [2].

Әлшекей Сүгірге ұстаз болған деген әңгіме халық арасында айтылады. Осы деректі растайтын жарияланған еңбектерде былай жазылады.

Сүгірдің күйшілік өмірінің мағынасына балап, күй соңына түсіп, ел аралап, сән салтанаты мол дәурен сүрген кезі жиырмасыншы жылдардың басына дейінгі кезең. Осы уақыт аясында ол Арка мен Жетісудың ең әйгілі күйшілерінің алдын көріп, өзі де толыса танылады. Әсіресе, Жетісу өңіріндегі Байсерке Қылышұлы (1841-1906), Әлшекей Бектібайұлы (1847-1932), Бапыш Кожамжарұлы (1860-1928) сияқты дәулескер күйшілермен дидарласкан соң Сүгірдің күйшілік өнері өрісін ұзартып, айдынын кеңейткендей соны серпін алады [1].

Бірде Аркадан шыккан Әлшекей, жанында туысы Аралбай бар Қаратаудың етегін жаз жайлап отырған бір үйге бесін ауа жетсе керек.

- «Кім бар-ау?» - деген тосын шыккан дауысты естіген үй иесі сыртқа шығып, аттың үстінде отырған зор денелі, қоржынында үкілі домбырасы бар Қоңыраттың Әлшекей екенін тани кеткен Әли карт "Қадірлі қонағымыз болыңыз", - дейді.

Бұл кезде Әли карттың баласы 15 жастағы Сүгір Төттімбеттің «Саржайлау», «Қосбасар», «Былқылдақ» күйлерін әжептәуір игерген кезі еді. Бүгінгі кеште сол баласы Сүгірге күй тарткызып Әлшекей сияқты күйшіден бата алуды ойлаған ол: «Келгеніңіз жақсы болды!» - деп, жанындағы аққұба жігітке «жолаушыларды аттан түсіріп ал» - дегендей ым қағады. Ат үстінде ұзақ жүргендіктен бе Әлшекей аттан зорға түсіп, үйге кіре бергенде кереге басында ілулі домбыраға көзі түсіп кетеді.

- «Әй, бұл кімнің үйі болды екен?» - деген оймен Аралбай туысына көз қиығын тастайды. Төрден орын алып жайғасқан Әлшекей жөн сұраса бастайды.

Әлшекейге сыртынан қанық Әли карт баласының ауыл аймақты аралап, біртіндеп қобызшы, домбырашылармен кезлесіп, олардың өнерін тамашалап, өзіне біршама тәлім-тәрбие алып жүргенін сөз етеді.

Әлшекей Қаратау елінің шығыс жағында Сүгір күйші баланы естігені бар-ды. Осы соның үйі болмаса игі еді деп ой түйеді.

«Ауыл аймақта жақсылық хабар жата ма?!», Әлшекей күйшінің Әли карттың үйіне келгенін естіген жұрт тез арада жиналып та қалыпты. Жиналған жұрт атамызға күй тартып беруге қолқа салады. Әлшекей домбырасын қолына алып, салалы саусақтарымен бір-екі қағып-қағып жіберіп, Аркадағы естіген күйлердің бірнешеуін тартып береді. Жұрт шуылдасып Әлшекейге өзінің күйін тартуына өтініш жасайды. Ол өзінің күйлерінің шығу тарихын айтып «Тайшұбар», «Егес», «Бозінген» күйлерін нақышымен орындап береді. Бұған риза болған жұрт «жарайсың бауырым!» - деп жатса, бірі «па, шіркін, домбыра тартысын-ай!» десе, енді бірі «Коныраттың Әлшекейі болармысың!» - деген дауыстар әр жерден естіліп жатты. Бір кезде көпшілік ортасынан: «Біздің Сүгір күй тартсын!» - деген дауыстар шықты. Әлшекей, Сүгір баланың үйге кіріп отырғанын байқамаса керек. Жұртқа қосылып «Тартсын-тартсын» - деп есік жаққа қараса, талдырмаш келген аққұба бала орнынан тұрып жатыр екен.

Сүгір кереге басында ілулі тұрған домбырасын алдырып, бала жастан құштарланып үйренген Тәттімбеттің «Сылқылдақ», «Қосбасар», «Былқылдақ» күйлерін және ел арасына көбірек тараған халық күйлерін үлкен шеберлікпен орындайды. Жас Сүгірдің қолының жүрісіне, пернені басқандағы дыбыстың сырлы әсеріне тәнті болған атамыз оған ақ батасын беріпті.

Осы ретте тарихи деректерге жүгінсек Сүгір Әлиев 1961 жылы Әлшекейден 29 жыл кейін дүние салады. Олай болса, Сүгір мен Әлшекей күйлері көп ретте сарындас, үндес келеді. Әлшекейдің Сүгірге деген ұстаздық ықыласының молдығын осыдан аңғаруға болады. Сонымен қатар Төлеген Момбеков те Әлшекей күйлерін Сүгірден үйренген деген дәйекті деректер бар [9].

Әлшекей күйлерінің бүгінгі күнге жетуіне, алдын көрген шәкірттері Ақбаланың, Сүгірдің, Жаппастың ықпалы айрықша болды. Алайда, бұл күйшілер Әлшекейдің атын атап, түсін түстеп, күйлерін таратуға өле-өлгенше жасқанып өтті. Жетпісінші, сексенінші жылдарға дейін жыландай ысқырған саяси-идеологиялық тыйымның салқыны Әлшекей сияқты күйшілердің атын атап, күйін шертуге дес бермеді. Ақбала, Сүгір, Жаппас сияқты шәкірттері іштей булығып, оңаша күй тартып өтті. Асыл өнерді жұрт алдына шығарса, оның өзін "халық күйі" еді деп, аңыз-шежіресін өзгертіп айтып тартуға мәжбүр болды. Міне, Әлшекейдің ұлы көкірегін жарып шыққан асыл өнер осындай нәубетке тап болды [1].

Әкемнің күйін Дәнебек, Кенжетай деген туыстарым жақсы тартушы еді, бірақ олар білетін күйлерін көп алдында тартпай, жасырып тартатын, - деп есіне алады күйшінің 67 жастағы қызы Ұлбосын әжей [12]. Бүгінде бұл кісі "Төменарық" кеншары "Коммунизм" бөлімшесінің тұрғыны. Амал нешік, күйшінің жетпістей күйі бізге жеткен жоқ. Артынша аздап көңіл жұбандырар игілікті бастама болған-ды. 1968 жылы күзде журналист Ы.Дәрібаев Әлшекей күйлерін Дәнебектің орындауында магнитофонға (таспаға) жазып алған. Сол жылы Дәнебек қайтыс болды. Ал журналист Ы.Дәрібаев қайғылы қазаға ұшырады [13].

1966 жыл. Қазақтың мемлекеттік университетінің "Жеті муза" өнер бірлестігі қарынды қаламгер Сәбит Мұқановпен кездесу ұйымдастырады. Кездесуде белгілі домбырашы Самиғолла Андарбаев жетекшілік ететін университеттің домбырашылар оркестрінің мүшесі, журналистика факультетінің студенті Үсен Әбшенов Әлшекейдің "Толқын" күйін орындайды. Кездесу соңында жас күйшіден өнер әлемінде аты белгісіз болып келген Әлшекей туралы деректерге қанықкан Сәбең:

- Мына тарткан күйің құлаққа жағымды, көңілге қонымды екен. Сыр бойының сазы екендігі бірден аңғарылады. Өзі бір жаткан қазына екен-ау. Әлшекейдің атын Қызылордада қызмет істеп жүрген кезде Аралбаев деген жігіттен естіген едім, – дей келіп, - Сен енді бұл істі аяқсыз қалдырма. Әлшекейдей күйшіні елге таныт, - дейді.

Әлшекей мұрасына жұртшылықтың көңілі ең алғаш осылайша аударылған еді. Жас журналист елге оралған соң облыстық газеттің тілшісі ретінде іссапарда жүргенде ел ішіндегі

көнекөз қариялардың ауызынан Әлшекей туралы деректерді тірнектеп жинай жүретін. Кейінгі жылдары баспасөз беттерінде, алқалы жиындарда күйші мұрасын танып-білу, оған қамқорлық жасау жөнінде тағлымы терең сөз айтушы еді. Әсіресе, Әлшекейдің күй өнері, оның ерекшеліктері мен басқа күйшілермен сабақтастығы жөнінде одан білгір адам болмайтын. Әлшекей күйлерін шебер орындайтын Үсекеннің өз күйлері шерпе күй дәстүрінде туған туындылар еді. Өзі 1989 жылы кенеттен қайтыс болды. Соңына қалдырған мол мұрасы оны тек Әлшекей күйлерінің білікті жанашыры деп қана емес, сонымен бірге Әлшекей мектебінің дәстүрін жалғастыратын күйшілер қатарында зерттеуге лайық. Журналист Ү.Әбшеновтың күйлері осы қырынан алғанда ерекше зерделеуді керек етеді.

Әбшенов күйші мұрасы туралы өзі ғана жазып қойған жоқ, білікті қоғамгерлердің назарын осы тақырыпқа аударып, жақсы зерттеу мақалалардың жазылуына мұрындық болды. Осындай қамқорлықтың барысында Байжігіт Әбдіразақов 1970 жылы "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетіне "Күй құдіреті" очеркін жариялады.

Күйші мұрасын жинақтауда көп еңбек сіңірген азаматтардың бірі де бірегейі Қазақстанның халық ақыны Манап Көкенов еді. Жаңақорған ауданында 1950 жылдан бері Қызыл Отау меңгерушісі болып қызмет істеген Манап ел арасындағы бұрынғы өткен ақын-жыраулар, әнші-күйшілердің мұрасын, өнер туралы деректерді тірнектеп жинаумен шектеліп қалмай үнемі насихаттап жүретін осындай өнер жанашырының назарына 1970 жылы Әлшекей мұрасы да іліккен еді. Ел ішінен Әлшекей күйлерін орындайтын өнерпаздарды іздеп тауып, оларға музыка мамандарының, ғалым-зерттеушілердің назарын аударды. Теледидардан арнайы хабар ұйымдастырып, он күйін күйтабаққа жаздырды.

Манап ақын Әлшекейдің көптеген күйлеріне толғау арнаған. Ол өлеңдер жергілікті баспасөз бетінде жарық көрді. Сонымен бірге М.Көкенов Талап музыка мектебінің жанынан Әлшекей атындағы ұлт-аспаптар оркестрін ұйымдастыруға осы шығармашылық ұжымның өнерін ел арасында насихаттауға ұйытқы болған еді.

1976 жылы және одан жеті жыл өткен соң Әлшекей күйлерін орындаушылар Әбдіхалықтың Әбдікадыры, Дүйсебектің Тынысбегі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында болып, өздері бүгінге жеткізген асыл мұраны ғылыми ортаның сарабына салды, күйші туралы ғалым Р.Бердібаевтің сабағына қатысты. Шәміл Әбілтаев, Жаулыбай Иманалиев, Мұхит Айтқалиев, Ілия Жақанов сияқты күйдің білгір мамандары мен жанашырлары Әлшекей мұрасына ден қойып, пікір білдіруі осындай игі істердің жалғасы еді.

Ендігі сөз Әлшекей күйлерінің ел арасындағы орындаушылары туралы. Жоғарыда аты аталған Тынысбек Дүйсебеков пен Әбдікадыр Әбдіхалықовтардан өзге талаптық Бөден Айсынов, байкенжелік Қанымбай Юсупов, сияқты өнерпаздар күйші мұрасын атадан балаға кететін дәстүр сабақтастығы арқылы жалғастырып келе жатқандар. Ел ішінде Әлшекей күйлерін орындаушылар жетерлік. Әйтсе де оларда дәстүр сабақтастығы сақталмаған [2]. Сонымен қатар, Б.Нұржановтың еңбегінде Кемал Жұмабаев пен Қанарбай Оразбаевтардың орындауларында Әлшекей күйлерінің ноталары бар. Бірақ бұл күйлер әлде де тереңірек зерттеуді талап ететін сияқты.

Сөз соңында Әлшекей мұрасын зерттеушілер мен күйші өнерін жалғастырушылар туралы қысқаша мағлұмат ұсынуды жөн көрдік.

Жалғастырушылар:

Бөпе Өтешұлы – Қоңырат руының Божбан аталығынан тараған. Сыр өңірінің үлкен өнерпаз-күйшісі ретінде тарихта аты қалған. Әлшекей оған "Бөпемен бес тартыс" атты цикл күйлерін арнаған. Бөпе - Әлшекейдің замандасы, Әлшекей күйлерінің насихаттаушысы.

Мұсабай, Мұстафа, Бекмырза, Айсын, Нұрыш, Жаманқұл, Ақбота - Әлшекеймен замандас өнер иелері.

Қарабала Әлшекейұлы (1872-1954) - әке мұрасын жалғастырып, күй шерткен.

Дәнебек (Данабек) Әлшекейұлы (1893-1969) – күйді тек оңаша тарткан. Қуғын-сүргінді көп көріп, көпшілік алдында домбыра ұстамаған. Әкесінің 70-ке жуық күйлерін жете меңгеріп, керемет орындаған Дәнебектің өнерінің бар қызығын тек әйелі көргені аян.

Кенжетай Туматайұлы - Әлшекейдің інісінің баласы. Әлшекейдің күйлерін орындап, насихаттаған. Домбыраны солақай тарткан.

Ибаш Өткелбайұлы (1908-1960) - Әлшекейдің замандас-інісі, Әлшекейдің шәкірті Бөпенің шөбере туысы. Ибаш Әлшекей күйлерін осы Бөпеден үйренген.

Аман Жаманқұлұлы - Әлшекейдің замандасы, үлкен өнер иесі – Құлменов Жаманқұлдың баласы. Әлшекей күйлерінің жоғалып кетпей, бізге жетуіне үлкен үлес қоскан. Қызылорда облыстық радиосына Әлшекей күйлерін жаздырткан. Біз жинағымызға Аманның орындауындағы Әлшекейдің "Жіп жүгірту", "Желдірме", "Акжелең" күйлерін енгіздік.

Сисенбай Дәнебекұлы (1923 жылы туылып, жастай қайтыс болған) - Әлшекейдің ұлы Дәнебектің үлкен баласы. Әкесінің өнерін жалғастырып, атасының жолын қуып, күйлерін орындаған.

Жидебай Дәнебекұлы (1928-2005) - Әлшекейдің немересі. Шын аты – Шегебай. Жеңгелері – "сен бізге шеге болып қадалып жүресің бе, жиденің көп мәуесіндей, мәуелі болармысың", - деп еркелетіп, Жидебай атап кеткен. Атасының барлық күйлерін меңгеріп, оның домбырашылық мұрасын біздің заманымызға жеткізуші дәнекер. Жидебайдың орындауындағы "Шертпе", "Сауда бұзар", "Нар соққан", "Мұңлықтың күйі", "Сыбызғының күйі", "Бұқтым-бұқтым" күйлері біздің жинағымыздың құнын арттыра түсері анық.

Әбдікадыр Әбдіхалықұлы (1934-1996) - Әлшекейдің жиен шәкірті. Солакай домбырашы Кенжетайдан Әлшекей күйлерін үйреніп, ұстазының "солакайлығы" өзіне ауыскан. Әлшекейдің домбырашылық мектебінің ең үздік өкілі - Әбдікадырдың орындауындағы жинакка кірген 10 күйі біздің еңбегіміздің негізі. Осы күйлер арқылы Әлшекейдің өзіндік күйшілік колтанбасын айқындаймыз. Әбдікадыр да күйлер шығарған. Мысалы, "Жайлау" т.б.

Тыныбек Дүйсебекұлы - Ибаш арқылы Әлшекей күйлерін үйренген. Ол күйлерді жігерлі, тез екпінде, зулата орындайды. Осы жинакка Тыныбектің орындау нұскасындағы "Толқын", "Шерлі", "Бұзып тартар" және "Акку кеткен", "Жаяу кербез", "Отарба" күйлері енді.

Т.Дүйсебекұлы мықты орындаушы және сазгер, оның "Жайлауда", "Өрлеу" сынды өз күйлері біздің жинағымызға енді.

Зейнабиден Мұсабаев - Әлшекей күйлерін орындаушы, сазгер. Өзі шығарған "Сылқым" күйі бізге жеткен. Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясының фольклор кабинетінің корына жаздырткан З.Мұсабаевтың орындауындағы "Әлшекейдің желдірмесі" атты күйі бар. Біз еңбегімізге кіргізген осы күйді Ә.Әбдіхалықов "Теріскакпай" деп орындаса, Қызылордалық күйші-сазгер, ұлағатты ұстаз Тасболат Ыскаков бұл күйді "Домалатпай" деп аса шеберлікпен құйқылжыта орындайды.

Әбілтай Сүлейменов – Республикалық теледидарда "Халық композиторы - Әлшекей Бектібайұлы" атты хабарда Әлшекейдің "Егес" деген күйін орындады.

Қошқарбек Тасбергенов - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, консерватория түлегі, домбырашы. Жинакка Қошқарбектің орындауында "Токтаған" күйі кірді.

Зерттеушілер:

Үсен Әбшенов - Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Әлшекей Бетібайұлының шығармаларын әр қырынан зерттеген – Ү.Әбшеновтың ізденуімен республикалық, облыстық басылымдарда Әлшекей жайында бірнеше макала жарияланды. Ол Әлшекейдің көп күйлерін ойнаған, сонымен қатар өз жанынан да күйлер шығарған. Ү.Әбшенов 1989 жылы кенеттен қайтыс болды. Өмірінің соңғы күніне дейін Әлшекей мұрасын зерттеумен айналыскан.

Манап Көкенов - халық ақыны. Әлшекей мұрасын ең көп зерттеген адам. Ол көнекөз қариялардан күйші туралы әңгімелер жинаған. Өнер бригадасын ұйымдастырып, Әлшекей күйлерін ойнайтын күйшілер, әншілер, жырау-термешілермен бірге жүріп, олардың шығармаларын халыкка насихаттаған. Әлшекейдің әр күйіне өленмен толғау жазған.

"Домбыра-дастан" айдарымен Республикалық теледидарға "Халық композиторы - Әлшекей Бектібайұлы" атты хабар жаздырған. Бұл хабарды белгілі өнер кайраткері, дәстүрлі күйші Шәміл Әбілтаев жүргізеді. Осы хабарда Әлшекейдің ізбасарлары - Ә.Әбдіхалықов, Т.Дүйсебеков, Ә.Сүлейменовтер оның күйлерін орындайды. Ойнар алдында, Манап акын әр күйдің шығу тарихына токталып, аңыз-әңгімелерін 3-4 шумақ өленмен әңгімелейді.

Досан Шпаков - Әлшекей мұрасын зерттеушілердің бірі. Бұл кісінің Республикалық және облыстық басылымдарда Әлшекей күйшінің шығармашылығына арналған бірнеше макалалары жарияланды.

Әзіретәлі Тұрсынов - Әлшекей шығармаларын зерттеуші. Казакстан Журналистер Одағының мүшесі. "Қонырат Құрбан атаның тағылымы" деген кітаптың авторы. "Әлшекей күйші" атты құнды колжазбасы - осы жинактың негізі.

Құлабай Ертаев. Әлшекей шығармаларынан мәлімет беретін тағы бір бағалы еңбектердің қатарында Қ.Ертаевтің Б.Әбдіразақовпен бірлесіп жазған "Сыр саңлақтары" кітабы. Бұл жинақта Әлшекей күйлері алғаш біріктіріліп, аңыздары жарияланды.

Ілия Жақанов – Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері. Белгілі өнер зерттеушісі, композитор І.Жақановтың "Аққулар конған айдын көл" атты еңбегінен Әлшекей бабамыз жөнінде өте құнды деректер алуға болады деп айта аламыз.

Бөден Айсынов – консерватория түлегі, аудандық Әлшекей атындағы халық аспаптары оркестрінің дирижеры. Б.Айсыновтың Жаңақорған аудандық "Коммунизм жолы" газетінде Әлшекей туралы бірнеше мақалалары жарық көрді.

Абдул-Әзиз Қилыбаев - Әлшекей күйлерін жинап, талдау жасаған. Өмірінің соңғы күніне дейін Жаңақорған ауданында балаларға домбыралан дәріс берген.

Нұржанов Балтабай – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, домбырашы-ұстаз. Сыр бойы күйшілерінің өмірбаяндары мен күйлерінің аңыз-әңгімелеріне арналған бірнеше жинақтары жарық көрді. Біз Балтабай Сәрсенбайұлының "Әлшекей" атты жинағынан алынған бірқатар деректерді еңбегімізде пайдаландық.

Ақселеу Сейдімбеков – көрнекті ғалым, қазақтың күй өнерін зерттеушілердің бірегейі. Күйшілік өнер жайында жазылған сүбелі еңбектердің авторы. Әлшекей бабамыздың шығармашылығы хақында "Қазақтың күй өнері" атты кітабынан аса құнды деректер алуға болады.

Дариға Шпақова – 1996 жылы консерваторияны музыкатанушы мамандығы бойынша бітірді. "Әлшекей Бектібайұлы" тақырыбында дипломдық жұмыс әзірлеген. Дариға осы жұмысында Әлшекей күйлерінің музыкалық талдауына көп көңіл бөлген.

Берік Жүсіпов – жырау, ғалым. Сыр өнірінің күйшілеріне арналған "Жиделі Байсын күйлері" атты еңбегінде Әлшекей жәйлы мәлімет берілген.

Жасұзақ Аманбайұлы – "Сыр бойы" газетінде Әлшекейдің шығармашылығына байланысты мақаласы жарық көрді.

Ескерту: *Әлшекей бабамыздың күйлері бізге қалай жеткені жайлы төмендегі сызбаларға назар аударыңыздар. Ескерте кететіні, мұнда Әлшекей ұрпағының тек бір тармағы ғана және өзімнің кімнен күй үйренгенім қамтылады (1,2 - сызба).*

239-12

Туыстық реті

1-сызба



Ұстаздық жолының жалғастығы

2-сызба



РЕЗЮМЕ

Алшекей Бектибайулы – один из выдающихся кюйши конца XIX-нач. XX века, имя и творчество которого хорошо известны в народе. Однако его многогранная творческая жизнь и богатое наследие до сих пор не стали объектом специального исследования. Между тем, по ценности и значимости творчества имя Алшекея вполне сопоставимо с именами Курмангазы, Даулеткерея, Сейтека, Казангапа, Таттимбета, Сугира и многих других композиторов "золотого века".

Как известно, Юго-западный регион Казахстана (Кызылординская область), считающийся центром сказителей-жырау кармакчинского и аральского стилей, является и родиной Алшекея – знаменитого представителя своеобразного инструментального исполнительства Каратауского региона, которое в музыкально-стилевом отношении имеет свои локальные особенности, отличающие его от западных и восточных домбровых традиций Казахстана.

Сборник состоит из вступительного слова профессора Казахской Национальной консерватории им.Курмангазы Б.А.Искакова, а также из следующих тем: 1. Жизнь и творчество Алшекея, 2. Легенды 20 кюев с вариантами, 3. Ноты 26 кюев Алшекея с вариантами и 5 авторских произведении исполнителей, 1 партитура кюя специально сделанная для оркестра казахских народных инструментов, 4. Исполнительские особенности кюев Алшекея, 5. Последователи и исследователи творчества Алшекея их фотографии, схемы родственной и педагогической связи и списка использованной литературы.

Составитель использовал музыкальные материалы из разных фондов и архивов - фольклорных экспедиций, телерадиокомпании, научно-исследовательской фольклорной лаборатории и других ранее опубликованных литературных источников, посвященной творчеству композитора.

Учитывая новизну используемых в работе материалов и актуальность рассматриваемых в ней проблем, мы уверены, что данный сборник будет не только пропагандировать творческое наследие Алшекея, но и привлечет к нему внимание современных исследователей традиционной музыкальной культуры казахского народа.

SUMMARY

Alshekey Bektibayuly is one of the prominent *kuishi* of the end the XIX and the beginning of the XX centuries, whose name and creative activity are well known in folk. However, up to now his many-sided creative life and his rich heritage have not become an object of the special study. Meantime, the name of Alshekey is wholly comparable with the names of Kurmangasy, Dauletkerey, Seytek, Kazangap, Tattimbet, Sugir and many other composers of the "Golden age".

As it is known, the South-West region of Kazakhstan (Kyzylordinskaya area) is considered as the centre of the *zhyrau*-narrators of folk tales of Karmakchinsky and Aral styles, and it is a native land of Alshekey, who is the famous representative of the peculiar instrumental execution of the Karatau region, which has their own local parcularetіes in the musical style, distinguishing it from the West and East dombra traditions of Kazakhstan.

The Collection consists of the Entrance Word of Iskakov B.A. – the professor of Kazakh National conservatory after Kurmangazy, and from the following as well as:

1. The life and the creative activity of Alshekey.
2. The legends of the 20 *kuis* with their variants.
3. The music of 26 kuis of Alshecey with their variants and 5 author's compositions, 1 *kui* score specially made for the Kazakh folk orchestra.
4. The executive particularities of Alshekeys *kui*.
5. The followers and researchers of the creative activity of Alshekey, their photos, schemes of the related and pedagogical relationship and ties and a list of the used literature.

The compiler used the musical material from different stocks and archives: folk expeditions, TV and broadcasting companies, research folk laboratories and other firstly published literary sources, devoted to the creative activity of a composer.

Taking into account the novelty and the urgency of the considered problems, we are sure that the given collection will not only propagandize the creative heritage of Alshekey, but will also attract to it attention of the modern researchers of the traditional musical culture of Kazakh.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Сейдімбек А.** Қазақтың күй өнері. Астана, 2002.
2. **Тұрсынов Ә.** Әлшекей күйші (қолжазба) Қызылорда, 1995.
3. **Нұрымбетов Е.** Қызылорда облысының күйшілік дәстүрі (дипломдық жұмыс) А., 1997.
4. **Шпақов Д.** Әлшекей күйші // "Коммунизм жолы" газеті, 1992, 28 сәуір.
5. **Әлшекей Бектібайұлы.** Қазақ Совет энциклопедиясы. 2 том. А., 1978.
6. **Жақанов І.** Аққулар қонған айдын көл. А., Жазушы, 1988.
7. **Әбдіразақов Б., Ертаев Қ.** Сыр сандақтары. А., 1985.
8. **Әбшенов Ү.** Кертолғау, қандай күйдесің?// "Коммунизм жолы" газеті, 1987, 21 қараша.
9. **Нұржанов Б.** Әлшекей. Қызылорда, 2002.
10. **Айсынов Б.** Күйші, композитор Әлшекей Бектібайұлы // "Коммунизм жолы" газеті, 1987, 15 қараша.
11. **Әбшенов Ү.** Өн бойында есіп тұрған екпін бар // "Коммунизм жолы" газеті, 1988, 26 сәуір.
12. **Көкенов М.** Күй - құдіретті өнер // "Коммунизм жолы" газеті, 1972, №31
13. **Шпақов Д.** Күйшілік дәстүрдің жалғасы қалай?// "Лениншіл жас" газеті, 1979, 7 желтоқсан.
14. **Нұрымбетов Е.** Әлшекей күйшінің шығармашылығына арналған М.Көкеновтің өлеңдері/ /Қазіргі ғаламдану жағдайында өнер дамуының көкейкесті проблемалары. Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының 50 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2005, 21-22 сәуір.
15. **Тұрсынов Ә.** Қоңырат Құрбан атаның тағылымы. А., 1993.
16. **Айтқалиев М., Иманалиев Ж.** Қаратау шертпесі. А., 1975.
17. **Ахметов Ө.** Сыр елінде жинақталған қазақтың шежіресі. Қызылорда, 1995.
18. **Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б.** Домбыра үйрену мектебі. А., 1997.
19. **Омарова Г.** "Казахская кобызовая традиция". Автореферат. Л., 1989.
20. **Серікбайұлы Б.** Қоңырат шежіресі. А., 1992.
21. **Момбеков Т.** Салтанат. А., 1995.
22. **Мүптекеев Б., Медеубекұлы С.** Жетісудың күйлері. А., 1998.
23. **Нұрымбетов Е.** Әлшекей күйші// Қазақстан халықтарының мәдени мұрасы және ұлттық білім жүйесі. Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, Алматы, 2004, 29-30 сәуір.
24. **Нұрымбетов Е.** Күйші - Әлшекей Бектібайұлы// Қазақстан дамуының қазіргі жағдайындағы ғылым және білім беру: тәжірибесі, мәселелері және перспективалары. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2002, 11-12 қазан.

МАЗМҰНЫ

"Баба рухы колдасын!" 3
Алғы сөз 4
Әлшекейдің өмірі мен шығармашылығы 5
Әлшекей күйлеріне катысты аңыз-әңгімелер 8
Күйлердің ноталары 21
Теріскақпай. Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 22
Толқын (I нұска). Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 26
Домбырамен қоштасу. Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 30
Ақсақ тоқты. Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 33
Бұзып тартар (I нұска). Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 38
Айрауықтың ащысы-ай. Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 41
Қыз тоқтаған. Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 44
Делкораз. Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 47
Ол кім? Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 51
Шерлі (I нұска). Орындаған: Ә.Әбдіхалықов 54
Аққу кеткен. Орындаған: Т.Дүйсебеков 58
Шерлі (II нұска). Орындаған: Т.Дүйсебеков 62
Бұзып тартар (II нұска). Орындаған: Т.Дүйсебеков 67
Толқын (II нұска). Орындаған: Т.Дүйсебеков 70
Жаяу кербез. Орындаған: Т.Дүйсебеков 75
Отарба. Орындаған: Т.Дүйсебеков 81
Шертпе. Орындаған: Ж.Дәнебеков 85
Сауда бұзар. Орындаған: Ж.Дәнебеков 88
Нар соққан. Орындаған: Ж.Дәнебеков 91
Мұңлықтың күйі. Орындаған: Ж.Дәнебеков 95
Сыбызғының күйі. Орындаған: Ж.Дәнебеков 100
Бұқтым-бұқтым. Орындаған: Ж.Дәнебеков 103
Жіп жүгірту. Орындаған: А.Жаманқұлов 106
Желдірме (I нұска). Орындаған: А.Жаманқұлов 109
Акжелең. Орындаған: А. Жаманқұлов 111
Әлшекейдің желдірмесі (II нұска). Орындаған: З. Мұсабаев 114
Тоқтаған. Орындаған: Қ.Тасбергенов 117
Ә.Әбдіхалықов "Жайлау" 121
Т.Дүйсебеков "Жайлауда" 124
Т.Дүйсебеков "Өрлеу" 128
З.Мұсабаев "Сылқым" 132
Е.Нұрымбетов "Тарту" 134
Әлшекей "Теріскақпай". Партитура 138
Күйлерінің орындалу ерекшеліктері 170
Күйші өнерін жалғастырушылар мен зерттеушілер 172
Резюме 180
Summary 181
Пайдаланылған әдебиеттер 182

М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
"Аспапта орындау" кафедрасының 2005 жылғы сәуірдің 24-індегі
№9 мәжілісінің шешімімен баспаға ұсынылған

Е.Ш.Нұрымбетов

СЫР СҰЛЕЙІ - ӘЛШЕКЕЙ

*(Сыр сұлейі атанған
әйгілі күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлының
(1847-1932) шығармашылығы туралы)*

«Исламнұр» баспасының директоры
Саламат ҚАСЫМБАЕВ

Редакторы: Е.Нұрымбетов
Тех.редакторы: С.Қасымбаев
Дизайнері: Р.Ставер, Н.Жүсіпкали
Суретке түсірген: А.Әнуарұлы
Ноталарын терген: Ж.Нұрымбетова

Басуға 25.08.2005. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.
Офсеттік басылым. Гарнитура "TimesKazakh".
Шартты баспа табағы 11,5. Есептік баспа табағы 23,0.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №239

ISBN 9965-9628-8-X

*Кітап "Исламнұр" баспасында безендірілді.
050054. Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 60А-үй.
Тел.: 8 (3272) 74-44-52, моб.тел.: 8 333 241 36 50.*

ТОО "Курсив".



2005 жылы Батыс Қазақстан облысы өнерпаздарының орындауында Лондоннан шыққан компакт-дискінің сыртқы беті. Дыбыс режиссеры Крис Крейкер

***Нұрымбетов Еркін Шаяхметұлы** 1973 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.*

1988 жылы Қызылорда балалар музыка мектебін (домбыра), 1992 жылы П.Чайковский атындағы Алматы музыка училищесін (домбыра),

1997 жылы Құрмангазы атындағы Ұлттық консерваторияны домбырашы және этномузыкатанушы мамандықтары бойынша үздік бітірген.

1991-2001 жылдар аралығында Қазақтың Құрмангазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптары оркестрінде домбырашы, кейіннен дирижер болып абыройлы қызмет атқарған.

2001 жылдан бері Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының шақыруымен Ғ.Құрмангалиев атындағы филармониясындағы Дәулеткерей оркестрінің дирижеры, «Орал сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі, сонымен қатар, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметте және «Бапас сазы» ансамбліне жетекшілік етеді. 2003 жылдан осы университеттің «Аспапта орындау» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушысы.

***Еркін Нұрымбетов** домбырашы ретінде Алматыда (1985 ж.), Қарағандыда (1991 ж.) өткен, дирижер ретінде Шамғон Қажығалиев (Орал, 2001 ж.), Нұргиса Тілендиев (Алматы 2004 ж.) атындағы республикалық конкурстардың лауреаты және ансамбль жетекшісі ретінде Халықаралық Лира-97 (Таллин), Шабыт (Астана 2002 ж.), Ялта-2003 фольклорлық фестивальдерінің жүлдегері атанған.*

2003 жылы «Дастан» баспасынан «Асыл адам» атты авторлық әндер жинағы және Махамбет «Киыл қырғыны» атты партитуралары жарық көрді.